РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
ЭТНОФЕСТИВАЛЬ/2
Ұлытаудағы «Көкмайса»

АЛТЫН ТІН/3
Кино және өмір



МЕРЕЙ/6
Жақсылық пен жаңалықтың жаршысы

ДӘСТҮР/8
Сүйген құда сүрінен сақтар

Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | 22 маусым /СЕНБІ / 2019 жыл

№91-92
(19769-19770)

«НҰРЛЫ ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ

Күн санап сәулеті мен дәулеті артып келетін сол жағалауда кеше және бір 40 пәтерлі үйдің іргетасы қаланды. Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Құрылыс – алға құлшыныс

– Бүгін біз сол жағалаудағы жаңа үш шағын ауданның алғашқы үйін салуға кірісудеміз. Бұған дейін салынған шағын аудандағы пәтерлерге 70 процентке жуық тұрғын қоныстанып үлгерді. Жыл соңына дейін мұнда 2466 пәтерлік 53 үй салынады. Жалпы соңғы жылдары аймақта 361 көпқабатты үй немесе 7000 пәтер салынды. Оның ішінде 600-ден астам пәтерді бұрынғы апатты үйлердің тұрғындары алды. Осыған қарап, біздің облыс апатты жағдайдағы тұрғын үй мәселесін толық шешкен Қазақстандағы бірден-бір аймақ деп айта аламыз, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі, сондай-ақ, соңғы 5 жылдың өзінде Қызылорда қаласында 4 мың пәтерлік 80 көпқабатты үйдің құрылысы жүргізілгенін, бұл – қызылордалықтардың әл-ауқатының өсіп келе жатқанының дәлелі екендігін атап өтті. Осы арада тағы бір жағымды жаңалық көптің көңілінен шықты.

– Тұрғын үй салу бойынша көш бастадық. Енді біз сол жағалауды дамытуға күш салудамыз. Алдағы уақытта мұнда республикалық бюджет есебінен 320 орындық балабақша мен 600 орындық мектеп және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 500 орындық емхана салу жоспарлануда. Бұдан бөлек өңірге қатысты бірқатар мәселе шешімін тауып келеді. Халықаралық автодәлізде транспорт көбейгенін білесіздер. Осыны ескеріп, жақында Үкіметке Арал ауданына қарай төрт жолақты жол салуды ұсыныс ретінде жеткіздік. Біздің бұл бастамамызды Үкімет мақұлдады, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, соңғы алты жылда өңірде 3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Облыс орталығында 2013-2018 жылдары 15 шағын аудан бой көтеріп отыр.

Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ.

ҰБТ – ҮЛКЕН СЫНАҚ

Білім бәсекесі басталды

Кеше, 21 маусым күні облыста мектеп бітіруші түлектер ҰБТ тапсыруды бастады. Тестілеуге 4143 адам, яғни бітіруші түлектердің 72%-і қатысады. Жалпы 2018-2019 оқу жылында 5755 оқушы мектеп бітірген. Оның ішінде қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша 406 түлек «Алтын белгі», 264 түлек «Үздік аттестатқа» ие болды.

Ғазиза ӘБІЛДА.

– Облыста ҰБТ сынағы 21-26 маусым аралығында, әдеттегідей 9 тестілеу пунктінде өткізіледі. Жылдағыдай, биыл да бітіруші түлектер «Талдысу», «Қамбаш» лагерьлерінде қосымша дайындық курстарынан өтті. Соның нәтижесі болар, өткен жылмен салыстырғанда ҰБТ-ға қатысу көрсеткіші 5% -ке артып отыр. Сондай-ақ, ҰБТ-ға әзірлік шаралары барысында ата-аналар мен түлектерге психологиялық тренингтер өткізіліп, барлық тестілеу пункттері жоғары талаптарға сай жабдықталды,–дейді облыстық білім басқармасының басшысы М. Мелдебекова.

Болжам бойынша аймақтың 4640 түлегі университеттерге (81%), 1000 түлек колледждерге (17%) түседі деп жоспарланып отыр. Айталық, осыған дейін 628 түлек Ресей Федерациясының 4 жоғары оқу орнына түсу емтиханын тапсырған болатын. Бұлар: Мәскеу ұлттық зерттеу технологиялық университеті, К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті, Мәскеу энергетикалық институты және Санкт-Петербург мемлекеттік өнеркәсіптік технологиялар және дизайн университеті. Ал емтиханның нәтижесі шілде айында белгілі болады.

Айта кетейік, 2019 жылдан бастап жоғары білім алуға қолжетімділікті қалыптастыру мақсатында ҰБТ жылына 4 рет ұйымдастырылады. Мәселен, биылғы жылдың қаңтар айында өткен ҰБТ-ға 2392 оқушы қатысып, орташа балл 77 болса, наурыз айында тестті 4042 түлек тапсырып, орташа балл 83-ті құрады.

Бүгінгі таңда Ұлттық бірыңғай тесттің үшінші кезеңі 21-26 маусымда өтеді. Ал төртінші кезеңі 17-20 тамыз аралығына белгіленген. Атап өтейік, білім беру грантына тек үшінші кезеңде (21-26 маусымда) тестілеу тапсырған бітірушілер үміткер бола алады.

ҰБТ нәтижелері тестілеу күні белгілі болады. Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланады. Сонымен бірге, @edugovkz_bot Telegram әлеуметтік желісі арқылы білуге болады. Ол үшін түлектерге өзінің жеке тестілеу нөмірін (АКТ) енгізу қажет.

Ал, апелляцияға өтініш ҰБТ нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтінішті бір күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Құмбазардан шыққан алғашқы «Алтын белгі»

Арал ауданында Құмбазар атты елді мекен бар. Аталуының өзінен көз алдыңызға ақ шағыл төбе, шалқыған кеңістік елестейтін ауылда қазақылықтың қаймағына қылау түспеген.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Оқу жылы аяғында осы шағын ауыл тұрғындары ерекше қуанышқа кенелді. Құмбазарлықтар №200 орта мектеп түлегі Жаннұр Жұмамұраттың «Алтын белгі» иеленуін жақсылықтың жоралғысына балайды. Олай болмағанда ше?! Мұндай жағдай ауылда тұңғыш рет орын алып отыр. Біз аудандық білім бөлімінің басшысы Санира Жанназарова мен №200 Құмбазар орта мектебінің директоры Жолдас Көптілеуов бауырымызға қоңырау шалып, жаңалықтың жай-жапсарына қанықтық. Алғашқыда 7 жылдық болып ашылған Құмбазардағы білім ордасы сонан бері талай шәкірттерді қияға самғатты. Тура бес жыл бұрын типтік үлгідегі, қоскабатты, заманауи пән кабинеттері, мультимедиа, лингафон, ағаш өңдеу, тігін шеберханасы, интернет желісімен қамтылған мектеп ғимараты пайдалануға берілді. Сол сәттегі көпшіліктің ықыласы текке кетпеді. Міне, ауыл мектебінен алғашқы «Алтын белгі» иегері шықты.

Көпбалалы отбасында дүниеге келген Жаннұр Жұмамұрат кезінде 9-шы сыныпты да үздік бітірген екен. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Алдағы уақытта Т.Жүргенов атындағы өнер адемиясының «кинорежиссура мамандығы» саласына барып, бағын сынамақшы. Адамның бойына қасиет атаның қаны, ананың сүтімен берілетіні ғылыми тұрғыда дәлелденген. Жаннұрдың әкесі Толағай Досмамбетов ауыл клубының меңгерушісі, анасы көркемдік жетекшісі болып жұмыс істейді. Ауыл жастарын өнерге баулуда өз үлестерін қосып жүрген жандар деуге толық негіз бар. Жаннұр да шығармашылықтан құралақан емес. Оның «Ақмешіт жастары» басылымында жарық көрген «Анамның әңгімесі» атты әңгімесін оқырмандар жоғары бағалады. Осы жылы республикалық «Ұлы дала ұрпағымыз» атты балалар мен жастар байқауында «Жас қалам» номинациясы бойынша лауреат атанды.

Арал ауданы.

Қанат ШЕРІМБЕТОВ,
«Қайсар» командасының сарапшы бапкері:

«Алда үлкен міндет тұр»

– Қазақстан кубогының финалына шыққандарыңыз құтты болсын! Бұл 20 жылда қайталанған жетістік екен...

– Рахмет. Көптен күткен жеңіске көпшілікпен бірге қол жеткіздік. Мұның ішінде ең алдымен қолдау көрсетіп келетін облыс әкімі Қырымбек Елеуұлының, футболшылардың, бапкерлердің, барша жанкүйерлердің еңбегі бар. Өздеріңіз білесіздер, 20 жыл бұрын «Қайсар» Қазақстан кубогының финалында ойнап, өскемендік «Востокты» жеңіп, кубокты Қызылордаға әкелген болатын. Енді осынша жылдан соң осы жетістікті қайталауға мүмкіндік туып отыр. Финалға оңайлықпен жеткен жоқпыз. Ақтық сынға дейін премьер-лиганың үздіктерімен ойнап, жарыс жолынан тайдырдық. Жартылай финалда жеңістің қалай келгенін көрдіңіздер. Соңғы секундтарға дейін үмітімізді үзбей, «Тобылмен» тайталастық. 12 жыл бұрын ел кубогының жартылай финалында қостанайлық ұжымға есе жіберіп алған едік. Кеткен есеміз қайтты деген ойдамыз. Сәтін салса, 22 қыркүйекте «Атырауды» жеңіп, кубокты Сыр еліне жеткіземіз деп ойлаймын.

– «Атырау» командасымен бұған дейін де ойнадық. Шешуші сәт қалай болар екен?

– Әрине, кубокты алуға мүмкіндігіміз жетеді. Десе де, «Атырау» оңай шағылар жаңғақ емес. Қарсыласты дұрыс бағаламау – үлкен кемшілік. Финалға әлсіз команда жетпейді. Оның үстіне қарсыласымыз қатарынан үшінші мәрте ақтық сынға жетіп отыр. Бірақ мұндай нәрселер бізді алаңдатпайды. Оның үстіне алғашқы турдағы кеткен есені қайтарғымыз келеді.

– Біздің ойыншылардың арасында Тигран Барсегян мен Куле Мбомбоның шеберлігін көріп жүрміз. Командада басқа қандай мықтылар бар?

– Команданы бөліп жарудың қажеті шамалы. Өйткені әр ойынның қорытындысына алаңдағы 11 ойыншы жауапты болады. Мысалы, біздің барлық позициядағы футболшылардың шама-шарқы өзгелерінен бір саты жоғары деп айта аламын. Әрине, голды көп соғатын ойыншыны кім ұнатпасын?! Бірақ, шабуыл бар, пас беру бар – әрбір гол көпшіліктің үлесімен салынады. Сіз атаған ойыншылар шабуылға етене араласатын футболшылар. Сондықтан олар гол соғып, халық қошеметіне бөленіп жатады.

– Кубоктан бөлек, премьер-лигадағы болжам қандай?

– Кубоктың финалына өттік екен деп премьер-лиганы ысырып қойған жоқпыз. Сондықтан біріншіліктің негізгі аламаны саналатын чемпионатта жоғары орынға ілігуді көздейміз. Сол себепті үздіксіз жаттығу жұмыстарын жүргізудеміз. Қазір біріншіліктің қызған шағы. Барлық командалар қалыпқа келді. Қай-қайсысымен жолықсаң да оңай ұпай ұстатпайды. Дегенмен, әр ойында жеңіс үшін шығып, мақсатымызды жүзеге асыруға күш жұмсаймыз.

– Кейінгі жас толқын туралы пікіріңізді білсек...

– Қазір «Қайсардың» әр жасқа арналған футбол үйірмесі үздіксіз қызмет етуде. 2001 мен 2011 жыл аралығында туған жеткіншектер шеберлігін шыңдауға болады. Жақсы футболшы болып қалыптасуға бапкерлердің біліктілігі жеткілікті. Бүгінде 26 бапкер еңбек етіп келеді. Көбіне ауыл балаларының футболға келуі қиындық тудырып жатады. Сол себепті былтырдан бастап аудандардан клубтың академиясын ашуды қолға алдық. Мәселен, Қазалы ауданында үйірмеміз жұмыс істейді. «Қайсар» сапындағы Мақсат Байжанов, Асхат Тағыберген, Думан Нәрзілдаев сынды ағаларына қарап бой түзеп келеді. Біздің орталықтан қазақ футболының мақтаныштары шығарына сенемін. Қызылорданың брендіне айналған клубымызға соңғы жылдары қолдау ерекше. Клуб тарапында ешқандай мұқтаждық жоқ. Футболшылар үшін бар жағдай жасалған. Қолдау барда нәтиже болатыны анық.

– Алдағы ойындарда да жеңіс тілейміз.

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».

ЖАҢА ЖОБА

Дамуға дем бермек

Қазақстан – табиғи ресурстарға бай ел. Кеңес заманында Қазақстан астықтың жоғары сорттары, шикізат ресурстары, металлургиялық және химиялық өндіріс өнімдері арқылы ел экономикасының қайнар көзі болған-ды.

Кеңес Одағы ыдырауымен бірге, көптеген байланыстар да үзіліп, экономикалық жүйе бұзылды. Бұл ретте, жеке кәсіпорындар мен жалпы өнеркәсіп салаларының өзі де қажетсіз болып қалды. Оған қоса, химия өнеркәсібі де айтарлықтай тоқырады.

Соңғы жылдары елімізде өнеркәсіп өндірісін жандандыру бағыты қолға алынды. Бұған Қазақстан Республикасының индустриялық – инновациялық дамуы мемлекеттік бағдарламасы негіз болып отыр. Түрлі бағдарламалар аясында мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау кәсіпкерлерге ұзақ мерзімге салған инвестицияларының тұрақты болатынына сенім берді, 1-2 жылда тез пайда табатын сауда саласынан қайтарымдылығы шамамен 5 жылды құрайтын өнеркәсіп саласына бет бұруға негіз қалады.

Осындай кәсіпорындардың бірі – Арал қаласына жақын жерде салынатын кальцийленген сода өндіретін зауыты болмақ. Жобаны жүзеге асырумен «АралСода» ЖШС айналысады.

4-бет.

№91-92 (19769-19770) 22 маусым, сенбі 2019 жыл

АЛТЫНШЫ БАҒЫТ. Әділетті әлеуметтік саясат.

Біз адам капиталын дамыту саясатын жалғастырамыз. Бұл бағытта, ең алдымен, не істеуіміз қажет?

Жаппай білім беруді қолдау. Барлық тұрғынға сапалы медициналық қызмет көрсету. Бұл мәселелер бойынша біздің тұтас бағыт-бағдарымыз бар.

Біз мұғалімдердің және дәрігерлердің мәртебесін көтеретін жаңа заңдар қабылдаймыз. Олардың құқығын қорғап, материалдық жағдайын жақсарту үшін тиісті қолдау көрсетеміз.

(Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінен)

Тарих тағындағы тәуелсіздік тағдыры

Сайлау өтті. Халық өз таңдауын жасады. Таңдау Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа түсті. Күнтізбенің 2019 жылғы маусым айының он екісі, сәрсенбінің сәтті күні жаңадан сайланған Президентті ұлықтау рәсімі өтті. Ұлықтау дегенді өз басым таққа отыру деп ұғындым. Сол тарих тағында еліміздің жаңа Президентімен бірге тәуелсіздігіміздің болашақ тағдыры бардай әсерде болдым.

Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсімінің тарихи бір сәті, ант қабылдаудан кейін сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзін «Аса қадірлі Елбасы» деп бастауы және де «ақиқатын айтуымыз керек, бұл сайлауда біздің азаматтарымыз Елбасының стратегиялық бағытын қолдап дауыс берді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бүкіл әлем мойындаған даму моделін жасады. Қазақстанның Көк туын дүние жүзінің түкпір-түкпірінде желбіретті», дей баға бере сөйлеуі көңіл толқытқаны да анық.

Қазақ тарихында бір Президент ауысып, бір Президенттің билікке келуінің мұндай салтанаты тұңғыш рет болып отыр. Және де өзінің билігін өз еркімен берген Тұңғыш Президент Назарбаев пен жаңадан сайланған Президент Тоқаев арасындағы қарапайым адами парасаттылық байланысының адал ниетпен орныққанына да көз жетіп, көңіл иланғандай. Өз басым соған қуандым.

Мына алмағайып заман және де сол заманның соңғы ширек ғасырдағы жаңа дүние бөлісі мен сол дүниеге өз ықпалдары, тіпті өз өктемдіктерін жүргізу үшін жанталасып, тіпті аптыққан да арындаған, қаруланып та құрсауланып та алған әлемдік саясаттың сойылы соғыла бастаған кезеңдер болды, ол әлі де бар.

Ал бірақ қазіргі уақытта біздің елімізбен әлемнің кез келген мемлекеті санасады дейтін болсақ, біздің еліміз де, халқымыз да санасуға тұрарлық екендігіне әлемнің көзін жеткізген де Тұңғыш Президентіміз болатын. Осы орайда Қазақстан Республикасының жаңа сайланған Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қызметіне ресми кірісу рәсімінде: «Елбасы – қазақ мемлекетінің негізін қалаушы ұлы тұлға. Ол жаһандық деңгейдегі мемлекет қайраткері. Әлем тарихына дәл осылай жазылды. Елбасының халқымыз үшін және әлемдік қоғамдастық үшін сіңірген орасан зор еңбегін әрқашан құрметтеу – бәрімізге ортақ парыз», деп мәлімдеуі де әбден орынды еді. Әуелден ханының соңынан топырақ шашпаған ел екенімізді тағы да бір танытқан тарих тағындағы Тоқаевтың осы бір ауыз сөзі – баршамыз үшін тоқтарлық сөз.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа аса жоғары баға беруі және де зор құрмет көрсетуі мен оның жолын жалғастыратындығы жөніндегі мәлімдемесі тәуелсіздік тағдырының бүгіні мен болашағын сенімді етіп, айқындай түскендігін айтқан абзал. Дүниені революциялық жолмен емес, эволюциялық жолмен дамытудың адамзат тағдыры үшін қаншалықты маңызды екендігін Елбасы сан мәрте айтқан да болатын. Қазір тек қана ілгері қарайтын, ілгері басатын заман. Соны терең сезіне білген Қасым-Жомарт Кемелұлының сабақтастықты Қазақ елін дамытудың, ел тәуелсіздігін одан әрі нығайтудың салиқалы саясаты етіп алға тартқаны да көңілге қонымды әрі оны орынды да орнықты ұстаным деп танимыз.

Біз – демократиялық және құқықтық мемлекет құруды әу бастан қолға алған елміз. Алайда сол демократия дегеніміз қазаққа жат та дүние емес еді. Біздің халқымыздың қанына сіңіп, бойына біткен бір қасиеті – сөзге тоқтай білгендігін өз басым демократияның көкесі деп те айтқан болар едім. Алайда осы күндері сол сөзге тоқтау қасиетінен айырылып бара жатқанымыз үшін де аландайтын жай бар. Әркімнің өзіне өзі «мен демократиялық қоғамда өмір сүруге әзірмін бе?» деген сауал қоя білгені жөн. Демократиялық қоғамда өмір сүрудің басты шарты әуелі сол өзің өмір сүріп отырған мемлекеттің заңын сыйлау мен сақтаудан басталарын да ұғынар кез келді.

Біз өз тәуелсіздігіміздің ширек ғасырдан енді аса бастаған кезеңдерінде толыққанды демократиялық қоғамға қол жеткізе алмағанымыз да анық болар, бәлкім. Әр қадамын өлшеп басар, әр сөзін аңдап сөйлер кезеңде тұрмыз. Әлі де жаңа әлемде жаңаша өмір сүруді үйреніп те, игеріп те жатырмыз деп бағамдағанымыз абзал. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаевтың «әрбір азаматтың пікірі – біз үшін өте маңызды. Өйткені халқымыздың татулығы, ынтымағы, бірлігі – біздің ең басты құндылығымыз. Осы құндылықты көздің қарашығындай сақтау – баршамызға ортақ парыз», деп айтқан бір ауыз сөзіндегі «татулық», «ынтымақ», «бірлік» сияқты үш құндылық біздің бүгінгі демократияшыл көңілміздің түкпірінде жатуы керек. Осы үш құндылықты сақтай білу әрқайсымыздың тәуелсіздік алдындағы басты борышымыз болса керек.

Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсімінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Еліміздің әр азаматының мүддесін қорғау – менің басты мақсатым. Оларды саяси көзқарастары мен ұстанымдарына қарай бөлуге жол бермеймін. Түрлі саяси және қоғам қайраткерлерінен келіп түскен құнды ұсыныстарды, бастамаларды мен өз жұмысымда міндетті түрде ескеремін. Ашық және әділ жұмыс істейміз. Біз үшін ең маңызды міндет – заңға сай адал қызмет ету», деп атап көрсеткенін мемлекетіміздің одан әрі жетіле түсуінің кепілі деп ұғынар едік.

Және де Қасым-Жомарт Кемелұлының бірінші кезекте Қазақстанның үшінші жаңғыртылуын, қазіргі өткір әлеуметтік проблемаларды шешумен нақты айналысу мен аса мұқтаждарға көмек көрсету, қоғамның бірлігін қамтамасыз етіп, әр азаматтың құқығын қорғау, қашанда және қай жерде де Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғау сияқты өзекті мәселелерді алға тартуының да үлкен стратегиялық маңызы бар ұстанымдар екендігін айтар едік. Бұл орайда нақтылы он міндеттің белгіленуі де, солардың кейбірінің қазірден жүзеге асырыла бастауы да жаңа Президентіміздің толыққанды мемлекетшіл тұлға екендігін айғақтап, сенімді нығайта түседі.

Тарих тағындағы тәуелсіздіктің жаңа тағдырын айқын анықтап алған жаңа Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ең әуелі биліктің халық алдындағы жауапкершілігін арттыру қажеттігін алға тартты. Халықтың табысын арттыру, сыбайлас жемқорлықты жою, сот және құқық қорғау жүйесін реформалау, жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты лайықты жалақымен қамту, тұрғын үй мәселесіне басымдық беру сияқты бүгінгі күні қалың бұқараны толғандырып отырған өзекті мәселелерге қатысты да тың ойлар айтылып, оларға байланысты нақты істер қолға алынатыны атап көрсетілді.

Өз халқына адал қызмет етуге ант берген Қасым-Жомарт Тоқаев әділетті әлеуметтік ұстанымымен және өңірлерді дамытудың жаңа бағытымен, «Рухани жаңғыру» құндылықтарымыздың рухани бағдарымызбен, қалыптасқан ұстамды сыртқы саясатпен, жас ұрпаққа деген сеніммен жедел өзгерістер дәуіріне күні-түні бір қалғымай шапшаңдата қадам басып келе жатқан бүгінгі әлемге өз елімен, өз халқымен бірге қадам басты. Жаңа Президентіміз енді бұған дейін толмай қалған тұсымызды толықтырып, болмай қалған кей ісімізді болдырып, өз халқымен бірге Қазақ елі тәуелсіздігінің жұлдызын жарқырата түседі деп сенеміз. Тек Жаратқан Иеміз жар болсын!

Жабал ЕРҒАЛИЕВ,
жазушы-драматург,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
«Egemen Qazaqstan» газеті.

Тіршілік нәрін тиімді пайдалануымыз қажет

Соңғы жылдары егін шаруашылығы үшін су мәселесінің маңызы артып тұр. Биыл жағдай қалай болмақ? Осы орайда «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Әділхан Қарлыхановпен кездесіп, бірқатар сұрақтардың жауабын білген едік.

– Әділхан Қарлыханұлы, алдымен қазіргі су деңгейінің жағдайын айтсаңыз. Облыс егіншілері үшін басты мәселе осы болса керек...

– Әрине, ең бастысы – қазіргі егін жағдайы. «Шардара» су қоймасында 4 млрд текше метр су бар, ол былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 592 млн текше метрге артық. Қоймаға түсіп жатқан су көлемі секундына 187 текше метрді құрайды, төменгі ағысқа секундына 400 текше метр су түсуде. Былтырғы мөлшер де осындай болатын.

«Көксарай» су реттегішінде 1 млрд 851 млн текше метр, былтырғымен салыстырғанда 436,73 млн текше метр артық су бар. Қызылорда облысы шекарасына «Көктөбе» су бекеті арқылы 700 текше метр су келуде. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен біршама жоғары.

– Алдағы кезеңдерге болжамдарыңыз қандай? Су тапшылығы орын алуы мүмкін бе?

– Осыдан бір жарым айдай бұрын, Ташкент қаласында өткен Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының 76-шы отырысында «Нарын-Сырдария» каскады су қоймаларының болжамдық жұмыс кестесі келісілді. Келісімге сай «Шардара» су қоймасының кестесі бойынша 2019 жылдың су пайдалану маусымында 4 млрд 602 млн текше метр су түседі деп болжануда. Бұл шараға Қырғызстан тарапынан өкілдердің қатыспауына байланысты «Шардараға» жинақталатын су көлемі межеден кем түсуі де мүмкін.

Егістікке берілетін су көлемін тиімді, ысырапсыз пайдалануда әр онкүндік сайын қажетті су көлеміне кесте жасалынды. Бұл қатаң бақылауда болады. Қазіргі уақытта «Шардара» су қоймасы және «Көксарай» су реттегішіне жиналған су биыл облыста жоспарлаған егіс көлеміне жеткілікті болмақ.

– Өзіңіз жақсы білесіз, суармалы жер көлемін ұлғайту міндеті тұр. Бұл мәселеде облысқа бөлінетін су лимитін көбейту қарастырыла ма, әлде егіншілікті әртараптандыру басымдық ала ма?

– Орынды сұрақ. Бұл ретте облыста жаңадан қосымша 97011 гектар суармалы жерді іске қосу жоспарланып отыр. Оларды сумен қамтамасыз ету үшін күріш дақылын азайтып, суды аз қажет ететін дақылдарға алмастыру, яғни әртараптандыру қажет. Егістікте су үнемдеудің озық технологияларын енгізу және суды аз қажет ететін дақылдарға алмастырып, әртараптандыру жергілікті атқарушы органдардың іс-шаралары арқылы жүргізіледі. Суды үнемді әрі тиімді пайдалануда каналдардағы гидротехникалық құрылыстарды автоматтандыру жұмыстары қолға алынды. Жалпы облыстық комиссия жан-жақты тиімділіктерді қарастырып, тиянақты жұмыс істеуде.

Ал Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспар су шаруашылығына қатысты үлкен жобаларға дем бергелі тұр. Оның біріншісі – «Көкарал» бөгетін нығайту, одан кейін «Қызылорда» су торабын кешенді жөндеу, Сырдария өзенінің сағасын нығайту және «Күміскеткен» мен «Қараөзек» су қоймаларының құрылыстары бар. Бұл дер кезінде қолға алынған шаралар. «Көкарал» бөгетін нығайту, «Қызылорда» су торабын кешенді жөндеуден өткізу және дария сағасын қалпына келтіру жұмыстары кешеуілдей беретін болса, оның зардаптарын болжаудың өзі қиын. Осы жобалардың жүзеге асуымен және су қоймаларының салынуымен бірінші кезекте қауіпсіздік мәселесі, екінші кезекте су үнемдеу мәселесі шешімін табады. Мұның бәрі, шын мәнінде, облыс басшылығының пәрменді еңбегінің көрінісі.

Әңгімелескен
Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Еркін пікір алаңы

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Махановтың төрағалығымен «Шешендік өнер: сөйлеу мәдениеті мен технологиясы» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Шараның мақсатын түсіндіре келе Талғат Толыбайұлы семинар барысында емін-еркін пікір алысуға шақырды.

Ғазиза ӘБІЛДА.

– Қазақ халқы ежелден шешендік өнерді жоғары бағалаған. Ата-бабамыз осы арқылы ел арасындағы дауларды екі ауыз сөзбен шешіп, бітім айтқан. Дегенмен, технологиялар қарыштап дамыған бүгінгі заманда адамдар арасындағы байланыс басқаша өрбіп, сөйлеу мәдениеті кенже қалып барады. Сондықтан бүгінгі семинар-тренингтің барлығымыз үшін берері мол деп есептеймін. Әсіресе, деструктивті діни ағым өкілдерімен диалогқа түсетін теологтар мен АТТ мүшелері осы жиыннан құнды ақпараттарды ала алады деп ойлаймын,-деді Т.Маханов.

Семинар-тренингте «Ritorix» шеберлік өнер мектебінің негізін қалаушы Гүлжанат Битанова көпшілік алдында еркін сөйлеуге, кез келген жиында қатысушыларға өз ойын тұжырымды әрі нақты жеткізе отырып, олармен нәтижелі байланыс орнату, сол арқылы негізгі мақсатқа жетуге қажетті кеңестер ұсынды.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті Айман Айтбаеваның «Шешендік өнер және сөйлеу мәдениеті» тақырыбындағы баяндамасы мәнді де мағыналы болды. Сонау Қорқыт дәуірінен бері қозғап, қазақтың кемеңгер тұлғаларының сөз өнері жайындағы салмақты пікірлерін саралап, ұлттық рухты ояту, сананы кемелдендіру тұрғысындағы ойларын жіктеп түсіндірді. Ал, бизнес инкубатор орталығының басшысы Жандос Оразбақов жас әріптестерімен өз тәжірибесін бөлісті.

Жалпы шара барысында облыс әкімдігі жанындағы ақпараттық түсіндірме тобының мүшелері, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлері, психологтар, теологтар шара барысында қызу пікір алысып, орнықты ойларын ортаға салды. Тренинг соңы тәжірибелік әдіске ұласып, қонақтар мен қатысушылар шешендік өнердің теориялық және тәжірибелік әдіс-тәсілдерді кеңінен талқыға салды.

Ұлытаудағы «Көкмайса»
ұлттық құндылықтарды ұлықтады

Ұлытаудағы «Көкмайса» этнофестивалі осымен екінші рет ұйымдастырылды. Сарыарқаның сүбелі жеріндегі айтулы шараға Сыр өңірінен арнайы барып қатысқанымызды тарихи сәттілік деп сездік. Өйткені, Ұлытау – қасиетті жер. Ұлт мұраты үшін атқа қонған хандарымыздың Ту көтерген жері, ұлт ретінде ұйысып, біртұтастыққа бастау болған мекен. Бұл өңірде халқымыз сұлтандарын ақ киізге көтеріп, хан еткен, сондықтан хан ордасы да осы мекенде орын тепкен. Кезінде дүниені дүр сілкіндірген Жошы ханның, Алаша ханның мәңгілік тыныс тапқан жері. Сондай-ақ, Тоқтамыс хан, Едіге батыр да осындағы биік шыңға жерленген. Асан қайғы бабамыз бұл жерді халықтың өмір сүруіне қолайлы Жерұйық атауы да бекер болмаса керек. Тоқсаныншы жылдардың ортасында Елбасы арнайы барып, биік шоқының біріне арнайы ескерткіш қойғызды. Бұл да тарихи өңір мәртебесінің асқақтығы мен өміршеңдігінің дәлелі.

Сонымен «Көкмайса-2019» этнофестивалі үш күнге созылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көне тарих қойнауынан сыр шертіліп, ұлттық құндылықтар ел назарына жаңғыртылып ұсынылды.

Алғашқы күні Ұлытау аудандық мәдениет үйінде өткен «Едіге тауы – ескі жұрт ескерткіші» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы келушілердің қызығушылығын тудырды. Тарихшы-ғалымдар азуын айға білеген Алтын Орданың атағы алысқа кеткен әмірі Ер Едігенің ақиқат пен аңызға толы өмір тарихы туралы деректерді әсерлі баяндап, елі үшін қан төккен ерлердің ерлік істерінен мағлұматтар берді. Жердің киесі мен иесі халық екендігін еске салды. Мәртебелі жиыннан соң меймандар қасиет қонған Едіге тауына жол тартты. Ат үстінде жортып, қатпарына тарих тұнған киелі мекеннің шоқылары мен биік шыңдарын жақын барып көрді.

Ал кешке қарай бұлағы сығырлаған көкмайса жайлаудың айналасын жаңғырта дәстүрлі әндер байқауы өткізілді. Бір шетінде жастар «Алтыбақан әндері» мерекесіне қатысып, өз мүмкіншіліктерін сынап жатты. Қазақ ардақ тұтқан ат пен алтыбақаннан алыстай бастаған жеткіншектеріміз иен жайлаудағы осы бір әсерлі шақты көпке дейін ұмытпайтыны анық. Бұл ұлт іргесін бекемдеудің тиімді тәсілі десек те жаңылыспаймыз. Өйткені, өз тамырынан нәр алған табиғат тұтастығынан ешқашан ажырамайды. Ұлытау аспанында қалықтаған ән ел көңілін көтерді.

«Көкмайса» этнофестивалінің екінші күні Ұлытау ауданының әкімі Әнуар Омаров этнофестивальді тамашалаушыларға жалынды сөзін арнады. Бір кездері Жезқазған қалалық «Сарыарқа» газетінің журналисі болған, айтыс аламандарында олжа салып жүрген өнер дуында шыңдалған басшы әсерлі сөзімен жұртты еліктірді. Думанды шара елдің еңсесін көтерумен бірге, бірлікке үндеді. Сондай-ақ, тарихи жердің тағылымын ұлықтай отырып, «Ұлт ұясы» атанған Ұлытауды туристік аймаққа айналдыру, осының септігімен жаңа жұмыс орындарын ашу, жергілікті халықтың әлеуетін көтеру секілді игіліктерді жүзеге асыру жоспарлары барын ортаға салды.

Ал өнерпаздар сахналаған театрландырылған қойылым өте сәтті шықты. Этнофестиваль қазақ көшінің келуі туралы көрінісімен басталып, ұлттық спорт сайыстары «Садақ ату», «Мешкейлер сайысы», «Қымыз ішу», «Әйелдер күресі» және т.б сайыстармен жалғасын тапты. «Әйелдер күресінде» Шынар Тілеубергенова жеңімпаз болды. Ол бас жүлдеге 150000 теңге иемденді.

Кешке қарай ән байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Көкмайсаға» келген қауым құрметіне гала-концерт қойып, Ұлытаудың даласын әнге бөледі.

Қазақ ат спортына жетік емес пе?! «Көкмайса – 2019» этнофестивалінде ұлттық спорт ойындары «Аударыспақ», «Асау үйрету», «Садақ ату», «Теңге алу» сынды спорттық ойындарымен жалғасын тапты. Ал үшінші күнгі өткізілген «Аламан бәйге», «Көкпар», «Қыз қуу» тіпті тартысты болды.

Сыр елінен барған сапарластар көрші өңірдегі осындай игі шараның куәсі болып қайттық. Бұл, бір сөзбен айтқанда, Елбасының рухани жаңғыру бастамасына үн қосқан үлкен шараның бірі болды.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Қызылорда-Жезқазған-Ұлытау-Қызылорда.

Ғалымдардың пайымдауынша, қазақ сөз өнерінің түпкі бастауы түркі тілдес тайпалардың өз алдына халық болып қалыптаспай тұрған кезінен басталады. Яғни, сонау Түркі қағанаты дәуіріндегі Күлтегін, Тоныкөк жырларынан бастау алған жыр-дастандар қатарында қазақтың «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», қырғыздың «Манас батыр» жырларын айтар едік. Осынау батырлардың туған халқының азаттығы жолындағы күрескерлігін аңыз етіп шерткен эпостық жырлар қарапайым қалың елдің рухын көтеріп, жасампаздық ұранына айналғаны рас.

Ғазиза ӘБІЛДА.

«Ұлы дала үні»



Ежелден-ақ төсекте басы, төскейде малы тоғысқан қырғыз халқының мінез-құлқы, тіршілік тамыры, тілі мен діні қазақ халқымен етене жақын. Кешегі кеңестік кезең тұсына дейін екі елдің еншісі бөлінбей, тағдыр талайын бір кешкенін де тарихымыздан танимыз. Оның бер жағында әдеби, мәдени тұрғыдағы байланысымыз да өзге бауырластарға қарағанда, біршама жақынырақ. Бәлкім, тіліміздің тым ұқсастығанан болар. Әлемдік өркениетке ат басын бұрған бүгінгі XXI ғасырда да екі ел арасының шығармашылық өнердегі шынайы ара қатынасы бұрынғыдан да беки түскендей.

Алты алаштың анасы Сыр елінде түндігі түрілген "Парасатты поэзия" халықаралық фестивалінің түпкі мақсаты да Түркі жұртының төл мәдениетін танып-білуде тұрақты байланыс орнатуды көздейді. Жуырда Қырғызстан астанасы Бішкек қаласындағы баспадан "Улуу талаа үнү" деген атаумен қазақ ақындарының қырғыз тілінде жарыққа шыққан жыр жинағы осының айғағы. Бұл кітапқа әлем ақыны О.Сүлейменовтен бастап, қазақ поэзиясының тарландары Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, М. Шаханов, Ұ.Есдәулет, Е.Раушанов, сынды ақындардың жырлары енгізілген. Олардың қатарында А.Кіребаев, Ә.Рахымбекұлы, М.Әміреұлы, Ш.Әбдікәрімов, Қ.Жәленова, С.Желдербаева, Д.Аяшұлы, А.Үсен, Ә.Ботпанов сияқты Сыр бойының белгілі ақындары да бар. Қазақ шайырларының шығармашылығын Қарбалас Бакиров, Бақтыгүл Чотурова сынды қырғыздың белгілі ақындары тәржімалаған.

Кітапқа облыс әкімі Қырымбек Көшербаев алғысөз жазған. Онда былай дейді: «Алатаудың алқымын күнгейлеп қонған қос елдің тәмсіл-тарихы, тағдырталаны, ұлт болып қалыптасу дағдысы, қала берді, қайғы-қасіреті де тамырлас һәм тақылеттес. Тілі мен діні болса да. Бір кездері сырт көз бауырлас-бәйкенің жекен-су, жазмыш болмысын бөліп-жармай-ақ «қырғыз-қайсақ» деп үйірімен үкілей салған. Біраз уақыт тасқа да солай түскен. Әрине, ежелден бері еншілес ағайынды егіздей қосақтап, ғасырлар күймесіне қатар жегіп жатса, неге шүкіршілік етпеске, бабаларымыздың құшақ қауыштырып, анттасқан аманатына қылау түспегені ғой! Бүгінгі жаһандану кезеңінде ұлттар мен ұлыстардың дәстүрлік даму үдерістері деміл-деміл өзгеріп, рухани-мәдени құндылықтардың қадір-қасиетін «басқаша» түсіндіру көзқарасы қылаң бергенде, қазақ-қырғыздың бұрынғыдан да бекем бірігіп, тату-тәтті ғұмыр кешуі аса маңызды. Бұл ретте аталарымыздың жүріп өткен ізінде іркілген інжу-маржандар жарқ-жұрқ жанып, жүрегімізге жарық түсіреді».

Расында, екі ел арасындағы әдеби байланыс әу бастан-ақ берік қаланған. Неге десеңіз, «Адамзаттың Айтматовы» атанған қырғыздың қабырғалы қаламгері Шыңғыс Айтматов пен Зейнолла Қабдолов, Қалжан Нұрмаханов, Тахауи Ахтанов, Қалтай Мұхамеджанов, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Шаханов, тағы басқа қазақ әдебиеті классиктерінің шығармашылық байланыстары кешегі кеңестік кезең тұсында екі ел әдебиетін әлемдік деңгейге көтеруге еңбек еткенін білеміз. Олай болса, Тұран төрінен бастау алған бірегей жоба – халықаралық «Парасатты поэзия» фестивалі жалпы Түркі жұртының рухани қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтереді деген сенімдеміз. Осы орайда айта кетейік, биылғы фестивальға қатысқан ақындардың шығармашылығы татар тіліне тәржімаланып, жыр жинағының екінші томы жарыққа шығатын болады.

Қорыта айтқанда, сан ғасырлар бойы сабағы үзілмеген жыр көшінің жаңа дәуір әдебиетінде де жасампаздық тұғырынан танбай, руханияттың алтын қазығы болып қала беретіні хақ.

Кино және өмір

Кино әлемінің өзіндік құпиясы, әр кадрда «өмір сүретін» актерлардың өз тағдыры бар. Бір қарағанда экранда кейіпкердің трагедияға ұшырауын ойын деп қабылдаймыз. Бірақ...

Өмірден 34 жасында өткен, бірнеше әндердің авторы Игорь Тальков «За последней чертой» фильмінде бандалар басшысын сомдады. Картинаның соңында әншінің кейіпкері Гарикті атып кетеді. Осы кадр Ленинградта 1990 жылдың 6 қазанында түсірілсе, тура бір жылдан соң 1991 жылдың 6 қазанында Тальков сахнаға шығар алдында оққа ұшты.

Кеңес киносының ең танымал актерларының бірі Леонид Быков саяжайынан қайтып келе жатқанда жол апатына ұшырап қайтыс болды. Ол «Волга» автокөлігімен алдындағы қопсытқышты трактордан озамын дегенде, қарсы беттегі жүк көлігімен соқтығысқан. Біраз бұрын «Аты-баты, шли солдаты» атты картинада актердің кейіпкері танктің астына түсіп қаза тапқан еді.

Каратэ чемпионы, кинода мықты әрі епті кейіпкерлерді сомдаған Талғат Нығматулин «Қасқырдың апаны» фильмінде өз тәлімгерінің қолынан қаза табады. Өмірде де өзі мүшесі болған секта басшысының нұсқауымен қазаға ұшырайды. Ақша бопсалауға қарсы болған оны өлімші етіп сабаған.

«Белое солнце пустыни» фильміндегі Петруха есіңізде ме? Абдулла мылтықтың ұшымен ұрып мерт қылатын еді ғой. Петруханы ойнаған Николай Годовиковті коммуналдық пәтердегі көршісі шыны сынығымен жаралап, бір өлімнен қалған.

Атақты актер Асанәлі Әшімов «Шоқан Уәлиханов» фильміне баласы Сағиды түсіруге дайындағанда анасы Тәжіхан: «Сағиды неге бұл рөлде ойнатасың? Әлдеқашан сүйегі қурап қалған арыаққа тимесеңдерші, жаман ырым ғой» деп шыр-пыр болыпты. Шоқан Уәлиханов – 30, оның экрандағы бейнесін сомдаған Саги Әшімов 38 жыл ғұмыр кешкен.

Ежелгі дәуірлерден өркениет ізі өшпеген Сыр бойының әр төбесі қасиетті жер болып табылады. Бұл қасиетті жерлерді зерттеу ісі тәуелсіздігімізді алған жылдары өрістей түсті. Елбасының әр жылдары «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының қабылдануына бас болуы, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жариялауы жас ұрпақтың болмысын Ұлы санаға оралту, бойына өткен тарихтың өнегесін сіңіру қағидатына негізделген.

Сарқылмас қазына, өлмес ғибрат өзегі

XV ғасырдың бірінші жартысында батысында Жайықтан бастап, шығысында Балқаш көліне дейін, оңтүстігінде Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірінен, солтүстігінде Тобылдың орта ағысы мен Ертіске дейінгі жерде бұрынғы Ақ Орданың орнына «көшпелі өзбектер» мемлекеті болғаны белгілі. Бұл мемлекеттің негізін Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын Шайбанның ұрпағы Әбілқайыр хан қалаған болатын. Ол билік құрған 40 жылдың ішінде сыртқы саясатында Сырдария бойындағы қалалар мен Хорезм үшін Темір ұрпақтарымен ұзақ соғыстар жүргізіп, ішкі саясатында Дешті-Қыпшақтағы бытыраңқы жатқан өзбек тайпаларының басын қосып, бір орталыққа біріккен мемлекет құруға тырысты.

Осындай саяси тартыстар мен жер үшін болған соғыстар салдары қазақ хандығының құрылуына алып келді.

Әбілқайыр ұрпақтарының билік үшін өзара талас-тартысы биліктің әлсіреуіне әкеп соғып, мемлекеттегі тайпалардың жаппай Қазақ хандығына қосылуына ықпал жасады. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулати былай деп жазады: «...Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды, ірі-ірі шиеленістер басталды. Үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті, сөйтіп олардың төңірегіне жиналған адамдардың саны екі жүз мыңға жетті. Оларды өзбектер «қазақтар» деп атады».

Қазақ хандары алдарына Сыр бойындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Яссы және тағы басқа да қалаларының үстінен өтетін сауда керуен жолдарын өздеріне карату, ортақ бір тілде сөйлейтін көшпелі тайпалардың басын қосып, тұтас этникалық аймақты қалыптастыру секілді стратегиялық міндеттер қояды.

XV ғасырдың аяқталар тұсындағы күрестің қорытындысы Қазақ хандығы құрамына Созақ, Сығанақ, Сауран қалалары мен Түркістан аймағының солтүстік бөлігі болды, Отырар, Яссы, Арқөк, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлігі Мұхаммед Шайбаниға қарады. Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд биледі. Далада билік жасау үшін күресуге Мұхаммед Шайбанидің нақты күші жетпеді. Іс жүзінде ол тек Сырдария маңындағы жерлер үшін күресумен шектелуге мәжбүр болады.

Ал, Қазақ хандығы болса өзінің ең жоғары қуаттылығына XVI ғасырдың бірінші ширегінде Қасым хан (1511-1521 жж.) тұсында жетті. Бұрындық ханның тұсында Қасым әскери қолбасшы болған еді. Мұхаммед Шайбани ханның 1504 жылы көктемдегі Әндіжанға жорығы тұсында Қасым хан маңғыттардың көмегімен бүкіл Қыпшақ даласындағы үстемдікті қолына алады.

«Біздің тарих бұл да бір қалың тарих, оқулығы жұпжұқа бірақ-тағы» деп Қадыр ақын айтпақшы, міне, тарихымыздың бір үзігі. Осының бәрін ұрпақ біліп өсуі тиіс. Көшпелі тайпаларды ортақ бір тілде сөйлетіп, оған қазақ тілін таңдаған бабаларымыздың аманатына атүсті қарайтын бүгінгінің кейбір жастары осы жолда қаншама құрбандықтар мен рухани қуатты күрестердің жүргізілгенін жадына түйсін.

Рухани жаңғыру аясында қолға алынған «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы ұлттық нышандарды, қазақстандық ұлттық бірегейліктің каркасын анықтауға жасалған жаңа қадам. Бұл іспен бүгінде жерлес ғалымдарымыз тікелей айналысып келеді.

Арал маңында, Сыр мен Әму бойында неолит және энеолит дәуірлеріне қатысты өркениет ізі сақталған. Ғалымдар осы өлкеде біздің заманымыздан бұрынғы VI-III мыңжылдықтардың өзінде туыстас тайпалардың қоныстанғанын айтып келеді. Қазба жұмыстары арқылы олардың аңшылық және балық аулау кәсібін меңгергені анықталған.

Бұл мәдениеттің үлкен тұрақтары Солтүстік Арал маңы мен Кіші Борсық құмдарынан табылған.

Сондай-ақ Сыр бойында қола дәуірінің қызықты жәдігерлері де көп-ақ.

Мысалы, қола дәуіріндегі көсемдер жерленген орын Солтүстік Түгіскен қорымының өзінен қаншама сыр аршылып жатыр.

Бұларға қоса Ұйғарақ және Оңтүстік Түгіскен қорымдарын алып қарасақ, ежелгі тарихқа қарай қадам баса түсеміз. Археологтар сақтардың Оңтүстік Түгіскен деп аталатын обалы қорымы біздің заманымыздан бұрынғы VII-V ғасырларда тұрғызылған деп отыр.

Сыр бойындағы құмға көмілген қалалар қорғаныс жүйесі дамыған бекіністері және жерлеу ғұрыптарының ерекшелігімен назар аудартады. «Шірік-Рабат мәдениетінің» жайлаған аймағы Қармақшы ауданы жерінде орналасқан. Бұл өркениет б.з.д. IV-II ғасырларда қанатын жайып, Шірік-Рабат қаласы Арал маңы сақтарының «дах» деп аталатын тайпасының діни-рухани астанасына айналған.

Сырдың бойында жүздеген ортағасырлық қалалар бар. Бірақ, олардың ішінен оғыздардың астанасы болған Жанкент, Жент, қыпшақ хандығының, Ақ Орда мемлекетінің және Қазақ хандығының астанасы Сығанақ қалашықтары ортағасырлық киелі мекендер санатына жатады. Оларға атақты Асанас, Баршынкент, Сауран сияқты ірі шаһарларды қосуға болады.

Сырдарияның төменгі ағысындағы белгілі Қалжан ахун мешітінің ескерткіш есебіндегі көркемдік және тарихи маңызы өте жоғары деп есептеледі.

Алыстан менмұндалайтын мұнаралар Сырдың төменгі ағысы аймақтарында кездеседі. Ғылыми-зерттеулер жүргізген архитекторлар мұндай мұнаралар тек Сыр өңіріне ғана тән деп атап көрсетеді. Халық киелі орын есебінде қастер тұтатын – Бегім ана, Сараман Қоса және Ұзынтам мұнараларын бәріміз білеміз.

Ортағасырлық кесенелер – Оқшы ата, Асан ата, Жүніс ата, Қасым ата кесенелерін сәулет өнерінің ерекше нышаны деп айта аламыз.

Сонымен бірге XVI-XX ғасырдың бас кезіне жататын күйдірілген кірпіштен тұрғызылған – Мұлкәлән, Қорасан ата, Қылышты ата, Асанас ата, Қожан Қожа, Сүнбибі, Құлболды ишан, Айкожа ишан, Қарасопы кесенелері де ұрпақ үшін ұзақ уақыт ғибрат мұнарасы болып тұра берері сөзсіз.

Кеңес замандағы идеология тұсында бай тарихимыздың осындай қастерлі ескерткіш белгілері көмулі күйінде жатты немесе шовинистік пиғылдағы өзге жұрт оқымыстылары қазып алып, олардың мән-мазмұнынан өздеріне қатысты деректер алумен шектелді.

Осынау жәдігерліктер мен қазына-байлықтан өз болмысымызды іздеп, одан өлмес ғибрат алуымыз – қасиетті тәуелсіздіктің қазаққа берген ең бағалы сыйы деп білуіміз керек.

Эльмира ТҮМЕНБАЕВА,
І.Қабылов атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

Ата салтымен амандасқан абзал

Қазақ амандық-саулық сұрауға аса зор мән берген. Баласын үйге келген үлкеннің алдынан шығып, қол алуға үйреткен. Сонымен бірге қазекем кісіге бір қолдап сәлемдесуді немқұрайлылық нышаны деп санаған. Алайда, бүгінде бір қолдап амандасу көпшілігіміздің әдетімізге айналды. Қос қолдап амандасу кезінде адамдардың алақанындағы жылылық бір-біріне өтіп, екі арада мейірбандық оянады. Бір қолын сарт еткізіп не «қолым бос емес еді» деп білегін беру – амандасудың ең сорақы түрі. Бірақ, мұны қазіргі күннің қалыпты салтына айналып кеткенін дәлелдеудің қажеті шамалы.

Айнұр БАТТАЛОВА.

«Кішіпейіл болғаннан кішірейіп кетпейсің, өркөкірек болғаннан ұлылыққа жетпейсің» дегендей, адамдардың өзара әдеппен сәлемдесуі әр күнгі тіршіліктің бойға даритын нәрі десек те жарасады.

Ата-бабаларымызда амандасудың өзіндік ерекшеліктері, белгілі бір заңдылықтары болғанын білеміз. Ерлер мен әйелдердің бүгінгідей жаппай қол алысып амандасуы немесе бет сүйісуі бұрынғы кезде ұят саналған. Қазір бет сүйісіп амандаспасаң ұят, «мені менсінбей тұр» деп ойлап қалуы кәдік. Баяғының қыз бен жігіті қол алыспай, бас изеп амандасқан. Өйткені халқымызда бойжеткеннің әр азаматқа қол беруінен қытығы, ұяты кетеді деп есептелген. Қыздың қолын ұстау үшін арнайы серттескен күйеу жігіті ұрын келіп, «қолұстатар» салты орындалған. Бұл дәстүрде жеңгелер жағы екі жасты оңашада кездестіріп, қыздың қолын жібек орамалмен жабады. Содан кейін ғана жігітке қалыңдықтың қолын ұстауға рұқсат етілген. «Қолұстатар» рәсімін жасаған жеңгелеріне күйеу жігіт арнайы сый беретін болған.

Дәстүрді дәріптеген халқымыз шаңырақты, табалдырықты және бесікті қасиетті санайды. Үйге кірген кісі алдымен шаңырақа сәлем берген. Бұрыныраққа апаларымыз бос тұрған үйге де сәлем салатын. Оны түсінген біз жоқ. Негізі қараша үйдің маңдайшасын кісі бойынан төмен қылып салу салты «үйге сәлем беріп кірсін» деген ниетпен астасып жатыр.

Әлемдегі барша мұсылман «ассалаумағалеуйкум» деп амандасады. Себебі, діңгегі мықты діннен келген амандасу баршамызға ортақ. Пайғамбарымыз: «Сәлем – Алла Тағаланың көркем есімдерінің бірі. Сәлем беруші сәлем алушының есіне сәлем салғаны үшін бір дәреже артық сауапқа ие болады. Байқаусызда біреу сәлеміңді алмай қалса, сенің сәлеміңді одан гөрі жақсырақ, абзалырақ періштелер алады», – деген.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында Абайды анасы Ұлжан: «Үлкендер бірде тату, бірде араз бола береді. Бөжекеңді көргенде сәлеміңді түзу бер. Бір кезде жақсы көрген жақының еді. Кім тентек, кім мақұл, қайдан білдің? Әке дұшпан десе, сен әділ бол. Жамандыққа кім табылмайды, жанашырдан айырылма», – деп ағайыннан алыстатпай тәрбиелегені баяндалған. Арамызда жақынын жаттай көріп, бауырын бөтен санап, бір-біріне қырғиқабақ болып жүретін ағайындылар да кездеседі. Жоғарыда келтірілген әңгімеде Ұлжан ана баласын дәл осындай алауыздықтан сақтандырады.

Бүгінде амандасуға мән бермей бара жатқанымыз сонша, сәлемдескен адамға теріс қарап тұрып қол соза саламыз немесе жауапсыз сұрақ жолдаймыз. «Сәлеметсіз бе» десе, «сәлеметсіз бе», «қалайсыз» десе, «қалайсыз» деп қайталаймыз. Бұл әдет сәлем арқылы бір-бірімізге беретін жылылықтан жылыстап, тілек тілеуден тіпті ада болдық па деген ойға қалдырады.

Тасын ала берсең тау да таусылады, ежелден келе жатқан ата дәстүрін жалғамай, бір-бірден жүдете берсек қазақы болмысымыздан не қалады? Сол үшін ұлық жолды ұмытпай, бабалардың болмысы мен ізгі ізін жалғасақ, көненің орнын жаңамен алмастырған шақта сәлеміміздің де түзелетініне шүбә келтірмейміз.

Бірде, кішкентай жиенімді «ассалаумағалейкум деші» деп қолқаладым, ойым: үйрене берсін дегенім. Сөйтсем, ол «Ассалаума-ғалейкум, Уа-ғалейкум-ассалам...» деп Төреғали Төрәлі салатын әнді сайрап берсін. Ерсі көрмедім, осы әнді жазған Ұлықпан Жолдасовқа рахмет дедім. Баяғыда Высоцкий орыстың қалып бара жатқан әндерін гитараға салып, жастарға жаңа мәнмен жеткізіп, жаттатқан ғой. Сол сияқты «ассалаумағалейкумді» сөзбен үйрете алмасақ, әнмен үйреткеніміз дұрыс. Әйтеуір ата салтымен амандасуға баулығанымыз абзал.

«Рухани жаңғырудың» басты қағидаты да осы ғой, ұлттық кодқа, ұлы санаға оралу.

№91-92 (19769-19770) 22 маусым, сенбі 2019 жыл

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Шиелі ауданында қарқынды даму бар. Бұған біз кезекті баспасөз туры барысында көз жеткіздік. Шырайлы мекеннің бүгінгі тынысы, кәсіпкерлік, жер игерген еңбекші қауымның қарбалас тірлігі тілшілер назарына ұсынылған еді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Талпынғанға табыс көп

Шипалы сусын – өзімізден

Өңірде кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары ерекше қолдау тапқан. Өз ісін өркендетем деушілер мемлекет ұсынған жеңілдікті тиімді пайдаланып келеді. Төңкеріс ауылындағы «Ару Ана» шұбат өндіру цехы – соның бір дәлелі. Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің төрағасы Сабыр Ермахановтың бастамасымен ашылған өңдеу цехында 8 түрлі өнім өндіріледі. Цехта алғашқы кезекте тәулігіне 400 литр түйе сүтін өңдеу жоспарланған. Бүгінде өндіріс орны 1 тонна өнім өңдеуге қауқарлы.

– Кооператив алғаш құрылған жылдары қиындық туындады. Бірақ, оның барлығы кәсіпкерлік саласында кездесетін кедергілер. Қазір мамандарға санитарлық нормаларды, қымыран-шұбаттың табиғи дәмін сақтау әдісін үйретіп, сүт көлемін көбейттік. Мақсат – агроқұрылым әлеуетін арттыру. Біз мемлекеттік қолдаудан да кенде емеспіз. Отандық ғалымдармен тығыз байланыстамыз. Шұбаттан жасалатын пайдалы өнімдердің түрін көбейтуді жоспарлап отырмыз. Ол үшін бірнеше технолог Қазақ ұлттық аграрлық университетінде біліктілігін арттырып келді, – деді Сабыр Ермаханов.

Кәсіпкердің жас мамандардың тәжірибе алмасуына маңыз беруі қуантарлық. Мәселен, технолог Баян Дүйсенбек осындай барыс-келістің арқасында биология ғылымының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі Әсия Серікбаевамен бірге ауқымды жұмысты қолға алыпты. Нәтижесінде кәсіпорында 5 компоненттен тұратын, 5 айға дейін сақталатын жаңа ашытқы қолданысқа енген. Бұл – еліміз бойынша алғаш жасалған ұзақ мерзімге жарамды ашытқы. Баянның айтуынша, ендігі меже – Ұлттық сараптамалық орталықпен тығыз байланыс орнатып, басқа да жобаларды патенттеу. Айтпақшы, дайын өнім құйылатын құты да осы өңдеу цехында дайындалады. Оған қажетті шикізат Алматыдан жеткізіледі екен.

Иә, шипалы сусынның түрлі дертке дауа екені әлдеқашан дәлелденген. Оны шикілей ішсең, тәнге қуат. Қайнатып-баптасаң, балқаймақ болып бойыңды балқытады, ірімшік болып тіл үйіреді, не болмаса майлы құртқа айналады. «Ару Анада» осы өнімнің барлығы бар. Тіпті, бұл жерде майлылығы 6 процентті балмұздақтың шоколадты, ванильді, құлпынайлы, кілегейлі түрі өндіріледі.

Қызанақ өсіру – қып-қызыл еңбек

Ал, шаруасын өрге сүйреген Алғабас іргелі ауылдардың бірі. Диқаншылықпен айналысқанына 10 жылға жуықтаған Ергеш Мұханбетовтың егін алқабы көздің жауын алады. Бейне бір жасыл кілемді жайып жібергендей. Алқапта 60 гектар бар. Тамшылатып суару әдісімен суарылып жатқан қызанақтан алынатын өнім де мол болмақ.

– Еңбек еш кетіп жатқан жоқ. Жер құнарлы, су мәселесі шешілген. Күтімі мен бабын білеміз. Қазір ынталанған адамға ырыс табудың көзі бар. Осы егіс те ала жаздай ауылдық ағайынға азық болып тұр. Олар барын салып жатыр, бұйыртса, уақыт келгенде өнімді жергілікті жерлерден бөлек, сырт қалаларға жөнелтеміз, – дейді шаруа иесі.

Ергеш Мұханбетов қызанақ өсіру қып-қызыл еңбек екенін алға тартты. Оған қарағанда картоп өсіру оңай екен. Жолай өте қалсаңыз, сіз де дала диқандарының шаруасы ширақ екенін байқайсыз. Ең бастысы, ырзығы мол кәсіпте ілгерілеу бар. Ауыл тұрғындарының басым бөлігі жұмыспен қамтылған. Бұл жұмыссыздықты шешудің, яғни «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасын іске асыруда да керемет мүмкіндік болып тұр.

Жергілікті өнімге сұраныс артқан

Бұдан бөлек, ауданда кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейту мақсатында 20 гектар жер бөлініп, жылыжай ісі алға басқан. Аудан әкімдігі ұсынған мәліметке сай, мұндай кешендер Ақмая, Гигант, Ы.Жақаев ауылдарында бар. Тиісті инфрақұрылым жүргізілген, 17 кәсіпкер жұмысын бастап та кеткен. Оның төртеуіне «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалы арқылы 16 млн теңге қаржылай көмек беріліпті. Мамандардың айтуынша, ұтымды технология жыл он екі ай бойы көкөніс өндіріп, оны тұтынушыларға ұсыну мүмкіндігін берді. Қазір қияр, қызанақ, пияз, сарымсақ өнімдері сатылымда. Сұраныс жоғары. Болашақта жылыжай иелері өнімді жер-жерге жөнелтуді ойлайды. Сондай-ақ, олар нысанды ашар уақытта ауданда қажетті маманның аз болғанын жасырмайды. Соңғы уақытта ғана агросалаға таңдау жасаған жастар қатары артқан. Дегенде, бұл бетбұрыс жаңа қарқынмен, жаңа уақыт талабымен толыса түссе деген тілек бар.

«Ізім» іске кірісті

«Жастар жылы» аясындағы қолдау нәтижесінде қалада тағы бір шағын өндіріс іске қосылды. Кеше ғана лентасы қиылған «Ізім» ательесінің иесі – Гүлбақыт Ізім мен Әйгерім Жазықбаева. Жиырмадан жаңа асқан қаракөздер уақыт талабына сай кәсіппен айналысуға бел буыпты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Облыс орталығындағы «Ізім» ательесінің ашылу рәсіміне қарапайым жұрт көп жиналды. Бірі осында көйлек тіккізіп үлгергендер, енді бірі ісмерлік өнерді бірге үйренгендер және ұстаздар мен шәкірттер. Дизайнер болуды армандаған Гүлбақыт осы бағытта көп ізденіп, тәжірибе жинаған. Мақсатына жету үшін өңіріміздегі «Қолөнер» орталығында біршама уақыт еңбек етіп, шеберлерден үйренгені аз емес. Ізденіс жолында ісмерлік мектептен өтуді жөн көріп, «Айкен» оқу орталығында шеберлігін шыңдайды. Кәсіпкер болу басқару емес, үйрену мен үйрету екенін ерте түсінген ол тігін шеберханасын ашу үшін өзі іс басында үлгі болуды ойлайды. Оқып-үйрену, іздену жолында өзіне сенімді серіктес тауып, құрбысымен бірге тәуекел етеді.

– Құрбым Әйгерім екеуміздің ойымыз бір жерден шықты. Ақылдаса келе бірігіп тігін ательесін аштық. «Ізім» ательесінде негізінен ұлттық киімдер дайындауға ерекше мән береміз. Мұндағы мақсатымыз – ұлттық киімді жаңа заманға бейімдеп, насихаттау. Мәселен, жас келіндерге арнап тіккен етекжеңі мол, сәнді көйлектеріміз көпшілік көңілінен шықты. Сондай-ақ, бешпент, камзолдарға сұраныстың көптігі бізді қуантады,– дейді Гүлбақыт Ізім.

Бүгінде ательеде 4 адам тұрақты жұмыс істеуде. Ісін жаңа бастаған ісмерлік орталық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Алдағы уақытта тағы да заманауи тігін машиналарын сатып алу жоспары бар.

– Атаулы жылда өз мүмкіндігімізді сынап көргіміз келді. Бүгінде мемлекет тарапынан жастар кәсіпкерлігіне үлкен қолдау барын біледі. Елімізде өзге салалармен салыстырғанда кенжелеп қалған жеңіл өнеркәсіпті дамытуда «Ізімнің» ізі болса дейміз, – дейді қос жас кәсіпкер.

«Ізімнің» ісіне береке тіледік.

Бизнес әлемінің қызықты деректері

Бизнес пен кәсіпкерлік – табыс табудың негізгі көздерінің бірі. Жұрттың бәрі бизнес әлеміндегі танымал брендтер мен өндірушілер жайлы біршама хабардар. Бірақ олар туралы бәрін біледі ме? Төмендегі деректер олар туралы басқаша ойлауға мәжбүр етеді.

1. Алғашқысы дерек көтерме сауда және хостингпен айналысатын американдық компанияға қатысты. Ол 1995 жылы құрылған "Amazon" интернет магазині. Ол бүгінгі таңда интернет желісінде үлкен сұраныска ие болып отыр. Онда орташа есеппен бір секундта 163 тауар сатылады екен. Бұл жағдайда бір тәулікте қанша тауар сатылатынын шамалаудың өзі қиын.

2. Бизнесмендер дүйсенбі күнді аптаның ең өнімсіз күні деп есептейді. Дүйсенбіде жұмыс күнінің алғашқы үш сағатынан кейін-ақ адамдардың жұмыс істеу қабілеті біраз төмендейтін көрінеді. Сондықтан жұмыс берушіге және өзіне пайда түсіру үшін сейсенбі күні барынша күш салып жұмыс істеп, алғашқы күнгі кемшіліктің орнын толтыруға тырысқан дұрыс.

3. Тақымында "Бентли", "Бугатти", "Ауди", "Порше" немесе "Ламборджини" секілді белгілі автомобильдердің болғанын армандамайтын еркек кемде-кем шығар. Алайда, әркайсысының бағасы көптеген нөлдерді құрайтын осы бір белгілі маркалы автокөліктерге ортақ бір нәрсені көбісі біле бермейді. Шын мәнінде аталған барлық автокөлік брендтерінің иесі "Фольксфаген" концерні екен.

4. Сіз қалай ойлайсыз, ірі сауда орындарында балалар ойыншықтарын неліктен төменгі стеллаждарға орналастырады. Бұл бар болғаны маркетингтік құлық қана. Өйткені, балалардың бойы аласа болғандықтан олар өзіне ұнаған тауарды алып, анасы немесе әкесі сүйретіп келе жатқан арбаға немесе көтеріп келе жатқан қорзинаға тастай салатын көрінеді. Көп жағдайда ата-анасы оны байқамай да қалады. Ал кассаға келгенде амал жоқ, ол үшін төлем жасауға мәжбүр. Сондықтан да ақшаңды үнемдеу немесе баланың қыңқылынан аулақ болу үшін оны арбадағы арнаулы орынға отырғызып алғаныңыз абзал.

5. Келесі факт көңіл қынжылтарлық жағдай. Сөз тез тамақтану желісі "Макдональдс" туралы болмақ. 2010 жылы компания өзінің 155 қызметкерін жұмыстан шығарып жіберді. Себебі бұл қызметкерлер үйсіз қалған, күйі жоқ адамдарды тамақтың таза қалдықтарымен тамақтандырып тұрған. Миллиардтаған табысы бар "Макдональдс" секілді алып компанияның осындай ұсақтыққа баруы кімді де болса қынжылтары анық.

6. Ендігі кезек музыка әлемі туралы. Дәлірек айтқанда, гитара және дауыс күшейткіштер шығаратын белгілі "Фендер" фирмасын гитара тартуды білмейтін жалпы музыкадан мүлде хабары жоқ адам құрған екен. Оның есімі – Лео Фендер. Таңқаларлық жағдай, бірақ бұл шындық.

7. АҚШ-та "қара жұма" деген түсінік бар. Бұл күні барлық тауардың бағасы әжептеуір арзандайды. Осы күні тым көп ақша жұмсалады. Ондай көлемдегі қаржымен жер бетіндегі аш адамдарды екі жыл бойы тамақтандыруға болады екен.

8. Әлемнің ең бай адамы Билл Гейтспен салыстырғанда байлығы бірнеше есе артық бизнесмендер де бар екен. Олар – Джон Рокфеллер мен Карлос Слим. Оның алғашқысы XX ғасырдың басындағы ең бай болып саналса, екіншісі XXI ғасыр басындағы ең ауқатты адам ретінде танылған. Мексикалық миллиардер Карлос Слимнің соңғы жылдардағы табысы елдің жалпы ішкі өнімінің 5-8% көлемімен шамаласуда. Ал Рокфеллердің ақшасын қазіргі курспен есептейтін болса, онда бүгінгі ең бай адамның байлығынан бес есе артық болып шығады.

9. Сенерсіз-сенбессіз, алайда әлемдегі ең сатылымы көп тауар супер автокөліктер немесе заманауи смартфондар емес екен. Олар кәдімгі Рубик кубигі. Ал екінші орында "Apple" компаниясының мобильді телефондары.

10. "Duracell" – батарея шығаратын әлемге танымал ірі компания. Осындай табысты компания өзінің офисін салуға заманауи құрылыс материалдарын пайдаланады ғой деп ойлайсың. Бірақ, бұл компания офисін жаңалауға өзі өнімдерінің қалдықтарынан жасалған материалдарды ғана пайдаланыпты. Өте үнемшіл компания екен.

Әзірлеген
Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Дамуға дем бермек

Бұл республикадағы сода өндіретін жалғыз зауыт болады және еліміздің осы өнімге деген сұранысының 75% қамтамасыз етеді және басқа көптеген кәсіпорындардың сенімді серіктесіне айналады.

Оның негізгі тұтынушылары «Қазақстан Алюминий» АҚ, Ақтөбе хромды қоспалары зауыты, «Қазфосфат» ЖШС, «Қазмырыш» ЖШС, «САФ» Шыны компаниясы» АҚ, «ЕуроКристалл» ЖШС, «Степногорск таулы-химиялық комбинаты» ЖШС, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ болады.

Зауытты салу туралы шешім Арал өңірін жаңғырту мақсатынан туып отыр. Зауытты орналастыру үшін Арал қаласынан 6 шақырым қашықтықтағы, Арал теңізінің су қорғау аумағынан шығарылған, Сарышығанақ шығанағының қасынан жер телімі таңдалған. Зауыт орналасатын алаңды таңдау барысында өндірістің технологиялық және экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық жағдайларға әсер ететін көптеген факторлар есепке алынды.

Зауыт жұмыс жасаған кезде қоршаған ортаға экологиялық қалдықтарды шығармайды. Ол үшін әктас пен ас тұзынан кальцийленген сода өндіруге мүмкіндік беретін Сольве технологиялық әдісі таңдалып алынды. Зауыттың табиғи газбен жұмыс жасайтын жылу электр орталығы болады. Ол өндіріс орнын электрэнергиямен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, әктасты күйдіруге арналған кокс қоймасы болады. Жылу электр орталығын және зауыттың технологиялық қажеттілігін сумен қамтамасыз ету үшін минерализациясы 13-15 г/л. болатын 400 және 700 метр тереңдіктегі жерасты су қабатынан тұзды минералсызданған су алу қарастырылған.

Зауыттың жобалық қуаттылығы жылына 300 мың тоннаны құрайды. Алдағы уақытта кальцийленген содаға қажеттілік артқан жағдайда зауыттың технологиялық бөлігін және жылу электр орталығын кеңейту үшін арнайы орын белгіленген.

Осындай көлемде өнім шығару үшін қажетті барлық инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі қажет. Сондықтан темір және көлік жолдары, электр жеткізу, газ құбыры, байланыс желісі және басқалар, шикізатты жеткізу, дайын өнімді тиеу, сенімді электр желісімен қамтамасыз ету және ең маңыздысы, білікті жергілікті жұмыс күшінің болуы ескеріледі.

Бұл ретте, жобаның инженерлік инфрақұрылым нысандарының қаржыландырылуы «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында жүзеге асырылады, ал құны 100 миллиард теңгеге есептелген зауыттың құрылысын қаржыландыру жеке капитал салымдарының және банк несиелерінің есебінен іске асырылады.

Зауытты салу және одан әрі қарай оны пайдалануға беру Арал қаласы мен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен серпін береді. Жаңадан 700-дей жұмыс орны құрылады, жергілікті бюджетке салықтық түсімдер артады, ол әлеуметтік және құрылымдық қалалық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс орындары тек зауытта ғана емес, сондай-ақ шикізат өндіру, халыққа қызмет көрсету және инфрақұрылымдық нысандарда да пайда болады. Зауытқа білікті кадрларды дайындайтын оқу орындары ұйымдастырылады, медициналық қызмет көрсету күшейеді.

Басқа көп тонналы өндіріс орындары сияқты зауыттың қоршаған ортаға әсері болады. Яғни, оң әсерімен қатар оның кері әсерлері де болады.

Себебі, әктас (1377 т/тәулігіне), тұз (1400 т/тәулігіне), коксты (1700 т/тәулігіне) шаң-тозаңсыз тасымалдау және түсіру мүмкін емес, ал оны төмендету үшін су сепкіштер қарастырылған. Коксты жағу мен әктасты қақтау кезінде пайда болатын көмірқышқыл газы және оның атмосфераға таралуы технологиялық процесте ішінара қайта қолданылуымен төмендетілген. Сода синтезі процесін реттеу салқындатқыш мұнара арқылы жабдықтан бөлінетін жылуды шығарумен іске асырылады. Технологиялық тізбектегі ауыспалы үрдістер тек қана сода өндірісімен шектеліп қалмай, дистиллерлі сұйықтық деп аталатын кальций және натрий хлоридінің (бұл тұздар теңіз суының минералды құрамының компоненттері болып табылады) аралас ерітіндісін де өндіреді. Дистиллерлі сұйықтықты одан кейін де қайта өңдеу циклін тиімді ұйымдастыру үшін оны ылғалсыздандырып, жеткілікті шикізат базасын жинау қажет. Бұл операцияларды іске асыруда зауыт жобасында шикізатты буландырғыш-жинақтаушы шлам қоймасы қарастырылған. Шамамен 500 гектар болатын бассейннің аумағы, ылғалдың келу және булану балансын қамтамасыз етеді, сондықтан қатты қалдықтың беті әрдайым сұйық қабатпен жабылады. Шлам-жинақтағыш қоймадан және салқындатқыш мұнарадан (900 м^3/сағ дейін) буланған су, зауыттың айналасындағы аймақта ауаның ылғалдылығын арттырады, бұл ауаның шамадан тыс құрғауынан зардап шегетін Арал қаласындағы қолайсыздықты жояды.

Кіші Сарышығанақ шығанағында Арал теңізінің бұрынғы түбінде шлам қоймасын орналастыру зауыт алаңын таңдаудың маңызды факторларының бірі болды. Қазіргі уақытта бұл шығанақ теңіздің су қорғау аймағынан шығарылған. Теңіз түбі – балшықтың көп метрлік қабатынан қалыптасқан табиғи суға төзімді экран. Бұл тұзды ерітінділердің жерге сіңіп кетуінен сақтайды.

Шлам-жинағыш қоймасының ерітінділерімен теңіз суларының бірге араласып кетуі алдын ала қарастырылған, яғни, оның деңгейі өткен ғасырдың елуінші жылдарындағыдай деңгейге жететін болса, онда бөгет салу да жобада қарастырылған. Қазір Кіші Арал теңізінің су кемері мен бөгетке дейінгі қашықтық 5 шақырымнан асады.

Зауыттың жобасы мұқият пысықталған, Қазақстан Республикасы заңдарының, Мемлекеттік Регламенттердің, құрылыс нормалары мен ережелерінің барлық талаптары мен шектеулері, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік талаптары сақталған, қажетті рұқсаттар, құзыретті мемлекеттік ұйымдардың мақұлдауы және Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды, ал бұл экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мағынада оны қауіпсіз пайдалануының кепілі болып табылады.

Ғалымжан СЕРЖАНОВ,
«АралСода» ЖШС
директорының орынбасары,
жоба жетекшісі.

1-бет

Халқының қызметінде жүрген қайраткер

Өткен ғасырдың 30-шы жылдары дүниеге келген ұрпақтың балдәурен балалық шақтары сұм соғыспен және онан кейінгі қиын уақытқа тұспа-тұс келді. Елдің ауыр тұрмысы мен күйзелген шаруасын көтеруге жалаң аяқ, жыртық тізе, аш құрсақ бола жүріп өскен сол кездегі балалар ерте араласты. Сол бейнетті ұрпақтан аға ұрпаққа айналып елге еңбегі сіңген Сыр бойының абыз ақсақалы болған Сейілбек Шаухаманов ағамыз еді.

Құбылмалы заманның жоқшылығы мен ауырлығының ащы дәмін көбірек тартқан бүгінгі аға буын өкілдерінің барлығына тән қасиет қайтсе де оқу оқып, білім алу қағидатын ұстана отырып, ар тазалығы мен жан тазалығы және де ынсап, ұят, қанағат деген қасиеттерден айнымай өмір сүре білді, әлі де сол бір асыл қасиеттерінен айныған емес. Сол бір асыл да иманды ағалар буынының қатардағы біреуі ғана емес, бірегейіне айналған тұлға Сейілбек Шаухаманов болатын.

Американың белгілі классигі Уильям Фолкнердің «Даңқ пен билік сұлу бикеш сияқты. Қабағына қарап, өліп-өшіп ұмтылған сайын уысыңа түспей қашқақтай береді. Ал, сол бикешке соншалық құмартпай-ақ бойыңды салқын ұстасаң, бұратылып өзі жетіп келеді» деп айтқан бір сөзі бар. Сол айтқандай, даңқ пен дақпыртқа құмартпай, қызықпай-ақ, соған бой алдырмай, өзінің жаратылыс табиғи мінез қалпын ешбір өзгертпестен маңдайына жазылған, өзіне бұйырған өз несібесін еңбегімен тере біліп, өзі межелеген биікке шығып отырған тұлғалардың бірі Сейілбек аға болатын. Бұл дау тудырмайтын ақиқат.

Адам баласы жарық дүниеге келгенде әуелі өзі үшін өмір сүреді. Ер жетеді, оң-солын таниды, кемеліне келген соң қоғамына көлеңкесін түсіреді. Бойындағы қажыр-қайратын ізгілікке жұмсайды. Өстіп жүріп кісі елдің көзіне түседі, тұлғаға айналады. Жеке ғұмырдың тарихы – қауымның, елдің тарихына ұласады. Сейілбек Шаухаманов та тәуелсіз еліміздің кейінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсынар кейіпкерлердің бірі дер едім. Сәкең жастайынан қауымның көзіне ілікті. Соның арқасында сан алуан мемлекеттік қызметте абыройлы жұмыс жасады. Бірақ өлімін салып мансап қуған жоқ. Шақырған қызметтерін өзіне қол көрсе барды, сайлаған қызметтеріне – көрсетілген сенімді жерге тастамай қабыл алды. Оларды бақ, дәреже, артықшылық деп емес, ең алдымен үлкен жауапкершілік деп түсінді. Қиналған, толғанған, жан ауырған сәттері де көп болды. Бірақ қайда жүрсе де өзін елден бөлек сезініп көрген емес. Бәрін де бұйырмастың ісі деп түсінді. Заманы мен қоғамы салған міндет пен жүкті тауқымет деп санаған жоқ. Сонау сәби кезінен бері қарай халық көрген ауыртпалық, індет, жоқ-жітілікті Сәкең де көріп өсті. Талай өткелдерден өтіп, талай жерде тауы шағыла жаздаған сәттерінде ең әуелі бір жаратушыға, сосын талай қиында қол ұшын берген, бір туып бір қалғаны болмаса да, адамгершілік ықпалдарын аямаған абзал адамдарға рахмет айтып, өз тағдырына тек шүкіршілік айтумен өтті. Оған дәлел кезінде мемлекеттік үлкен лауазымды қызметтер атқарумен қатар, ішкен-жегенін, кигені мен мінгенім жерде қалса да, көрген-білгенім, естігенім жерде қалмасын деп, қалам тербеген «Алма алма – Ақыл ал», «Қайраткер», «Бақытыңды бағалай біл», т.б. еңбектері дер едім. Түсіне білген адамға бұл кітаптардың тәрбиелік, танымдық мәні өте зор.

Сәкең Сыр өңірінің ғана емес, барша қазақ елінің ардақты ел ағасы, сөз сөйлесе – шешен, ел бастаса – көсем, топқа салса – жүйрік. Өз ақыл-парасатымен өмірдің төріне озған, айтар терең ойы бар тұлға еді. Сейілбек ағамыздың қолынан кітаптарын оқи отырып бағзы замандардан келе жатқан даналықтар мен лағыл сөздердің жаңғырығы, кешегі өткен ел ағалары мен небір жақсылар мен жайсаңдары жайлы ыстық ықыласты көреміз. Бүгінгі және келер ұрпақ үшін өз артында айтар сөзін қалу үшін де өмірден көргенің де, көңілге түйгенің де, жақсылармен жанасып жүргенің де, ел үшін бел шешіп адал еңбек еткенің де, халық үшін тер төккенің де керек болар бәлкім!

Сәкеңнің өзі айтпақшы «Өмірде жолым болған жанмын» деп ағынан жарылғаны жолың болу үшін сол жолды жүріп өтіп, еңсеруің үшін талап пен ынта, ақыл мен парасат, еңбек пен қажыр-қайрат керектігі ақиқат. Осының барлығы өмірде жолы болып, ел мойындаған тұлғаға айналған Сейілбек Шаухамановтың өмірі мен ғұмырының шындығы деп білемін. «Аттан түскен ақырет емес, тақтан түскен тақсірет емес» деген ұғыммен Сәкең қарапайымдылықты жақсы көрді. Мансапқорлық, тәкәппарлық, менмендік, өзін басқалардан жоғары ұстау Сәкеңде болған емес. «Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» дегендей алды-артына қарайлай ғұмыр кешті. Барды қанағат тұтып, елге қызмет етті, өзім деген кісіге, үлкен-кішісіне, лауазымына, әлеуметтік қалжағдайына қарамастан барынша сыйластықпен, даңғойлыққа, бақталастыққа жиіркеніштікпен қарады. Сәкеңнің сөз саптауы да, жүріс-тұрысы да бөлек еді, сөйлейтін сөздеріне, жазатын мақалаларына аса жауапкершілікпен дайындалатын. Көп оқитын, көп ізденетін білімпаз еді. Терең білімі, аса жүйрік шешендігі, жауды көбейтпей, дауды өршітпей, елге керек мәселені бейбіт түрде шешуді қалайтын мәмлегерлігі облысты басқарған еліміз үшін аса бір қиын жылдар болған уақытта бар болмысымен жарқырай көрінді.

Иә, Сәкең бақытты өмір сүрді. Ылғи әулие мен қасиеттің тұнып тұрған өлкесінде туған, бұл фәниден көп дүние емес иман жиған, өле-өлгенше халқына адал еңбек еткен, артына байтақ дәстүр, өшпес өнеге тастап кеткен ағамыздың тәнін жерге бергенімізбен, елінде оның рухы қалды. Ол рухы өзінің туған жерімен мәңгі жасайтын болады.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
сенатор, саяси ғылымдар докторы,
профессор.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Бір адам көрдім...

Бір адам көрдім дарыған
ғажап шешендік,
Халқына тілеп, сәт сайын
аман-есендік.
Шындықты айтып,
құшағын аша бергенде,
Таулардың өзі орнынан
жылжып көшерлік.

Ерен еңбегімен, жан-жақты терең білімділігімен халқының қалаулысы болып, көптің көңіліне ұялаған бұл ғажап адам туралы жазудың ретін таба алмай, өлеңмен бастағаным артықтау болды ма, білмеймін...

Айтайын дегенім, өткен 2018 жылы «Достық» үйіне шақыру қағазымен бардым. Міне, қызық, онда жиналғандар үлкені бар, жасы бар, тіпті оқушы кішкентай қыздар да бар, бәрі өлең жазатындар. Ең үлкені Сәнімкүл Желдербаева, Рахат Наурызбаева, тағы басқалар. Бұл бұрын-соңды болмаған қуаныш қой. Көшбасшы кім? Сөйтсем, орталарында таудай болып облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов отыр.

«Өмірін өлеңмен өрнектеген жандар үшін», – деп жазылып, жоғарыға ілініпті.

Бір облыста, бір қалада, тіпті бір шағын ауылда тұрғанмен адамның, әсіресе әйелдердің бір-бірін жиі көре алмайтыны бар ғой, ал ақынды жүгін көтерген нәзік жандар үшін бұл – шындық. Сейілбек ініміз бұл жайды түсінген, ұғынған дара адам. Абай ақын айтқандай, «Сөз патшасы – өлеңді» сүйетін адам, өлең жазатын нәзік жандарды құрметтейтін адам және өзі сөз патшасы – өлеңдей сұлу адам. Ақын ер адамдардай қоғамдық жұмыстан келген соң, тамақтанып, жуынып-шайынып, демалып, бірауық қағаз, қалам алып отыруға уақыты болмайтын, көзге көрінбейтін үй күйбеңінен ауыспайтын ақын әйел, қыздардың жанын түсінген адам.

Үлкені қарап есіктен,
Кішісі түсіп бесіктен,
Көңілді жиі бөледі.

Отырсам, ойды кешіп мен, – деп жазғаным бар, бұл балалы ақын ананың басынан өтетін жағдай, ал бүйтіп оқта-текте отыруға да оларға мүмкіндік бола бермейді.

Көңілді сәттер басталды. «Достық» үйі лезде шалқыған күлкіге, қуанышқа толды, бірбірімізбен амандасып, сырласып, шүйіркелестік, әндер айтылып, домбыра, гитара тартылып ажарланып қалдық. Сазгерлеріміз әндерін орындады, ақындарымыз бір-екіден кейінгі жазған өлеңдерін оқып, біраиық үй күйбеңінен арылып көңілденіп қалдық. Ортамызда таудай болып, риза болып, көңілі көлкіп Сейілбек інім отырды. Бұл күнгі қуанышты сәтті, сол басқосуда болған ақын қыздар ұмыта алмас, кеш соңында өзімізге лайықты қымбат сыйлықтар ұсынылды.

Менің кейде, ара-тұра еліміз үшін есепсіз терін төккен, халқын, жерін сүйетін, кішіпейіл, адамгершілігі зор ұл, қыздар жайлы арнап өлең жазатыным бар. Мысалы ақын Асқар Тоқмағанбетов, Әбілда Тәжібаев, Ыбырай Жақаев тағы басқа құрметті ұл, қыздар туралы жазыппын. Ал, бұл мақаланы жазуға жоғарыда айтылған басқосу мұрындық болғанымен, С.Шаухаманов інімнің қайраткерлігін, сан түрлі лауазымды міндеттерді мінсіз жүзеге асырғанын, еңбегіне лайықты марапатталғанын білетінмін, жиналыстарға қатысқан кездерде сол кісі сөйлесе деп тілейтінмін. Өйткені ол кісінің терең ойлығы, сан қырлы тарихи өмір жайлы көп білетіні және соны жүрекке жеткізе шебер айта білетіні таңғалдыратын. Мұның бәрі мені ойландырып, алып адамның жетпіс жасқа толуына арнап, «Сейілбек деген бір есім», – деп өлең жазыппын, ол менің кітабымда бар. Мұны айтуым – тау тұлғалы адамды бұған дейін де құрмет тұтқаным.

Сейілбек – жан-жақты іскер адам. Оның жарыққа шыққан кітаптарын айтпай-ақ, мақалаларының өзінен оның жазушы екенін түсіну қиын емес. Оны-сын байқаған мен:

Қаламың сенің ұшталған,
Жүйрік ол ұшқан құстардан,
Ақ шуақ дәйім төгілсін,
Сен жүрген әрбір
тұстардан...

немесе:

Ел үшін ерлік – күресің,
Ерен ғой қосқан үлесің.
Халық есінде сақталсын,
Сейілбек деген бір есім...

деппін.

Үлкен жиналыстарда Сейілбектей ойындағысын шебер төгілте айта алмайтын жазушыларды көріп жүрміз. Ал, мен әңгімелеп отырған кемел адам, керісінше, көп алдына шықса, есіліп жүре береді. Жан-жақты іскерлігімен, білімділігімен, әділдігімен облысқа емес, қазақ еліне танылды.

С.Шаухаманов облыс ардагерлер кеңесінің төрағасы болған кездерінде де көрегендік жасады. Ардагерлердің тұрмыс-тіршілігімен танысып, қажетінше көмек беріп, жылы сөздерін айтып, елімізді қорғаудағы, елге келгеннен кейінгі ерлік істерін марапаттап, қуантты. Ал, 2017 жылы басталған «Халықаралық көрме» кезінде алдымен жасы үлкендерді Астанаға аттандырып, вокзал алдында шағын концерт ұйымдастырып, ардагерлерге жақсы тілектерін айтып, сәтті сапар тіледі.

Менің шағын еске алуымның себебі болған осы сәт «Достық» үйінде өлең тыңдап, өте көңілді жарқырап, жайнап отырған Сейілбек Шаухаманұлының тамаша келбеті әлі көз алдымда...

Бір адам көрдім, танылған
түгел халқына,
Қиын істерде түспеген
ешбір талқыға.
Өнер алды – қызыл тілді
мәпелеп,
Өлмейтұғын сөз қалдырған
артына.
Бұл кім, Сейілбек.

Рысты БЕКБЕРГЕНОВА,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Пейіште нұрың шалқысын

(Жұбайы Жұпардың жоқтауы)

Теріңді төктің халық үшін,
Ұлтыңның дәстүр-
салты үшін.
Бір жыл болды, сағындық.
Пейіште нұрың шалқысын.

Кіндік кесіп кір жуған,
Жеріңді
кімге тапсырдың?
Үйрек ұшып, қаз қонған,
Көліңді кімге тапсырдың?

Қанаңнан шыққан
ұл-қызың,
Төліңді кімге тапсырдың?
Тай-құлындай тебіскен,
Теңіңді кімге тапсырдың?
Еркіндік алып теңескен,
Еліңді кімге тапсырдың?

Пенде боп келген кіршіксіз,
Арыңды
кімге тапсырдың?
Жаның бөлек, арың бір,
Жарыңды кімге тапсырдың?

Киік жортып,
құс ұшқан,
Даланды қалай тастадың?
Алшаңдап жүрген көшеде,
Қаланды қалай тастадың?
Папалап алдан шығатын,
Баланды қалай тастадың?

Алдыңды кесіп өтпейтін,
Халқыңды
қалай тастадың?
Бейнеңді мәңгі ұмытпас,
Артыңды қалай тастадың?
Елің үшін егіліп,
Еңсеңді езіп, қинадың.
Хош арысым, хош енді,
Жолдас болсын иманың.

Өтеген ЖАППАРХАН.

ЖАҢА КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

«Қазақ ел болам десе...»

Өткен жылы жаз маусымының соңында мемлекет және қоғам қайраткері, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Қызылорда және Алматы облыстарының құрметті азаматы – Сейілбек Шаухаманұлы кенеттен дүние салды.

Тұлпар тұрпатты тұлғасының тосыннан тап келген қазасына қабырғасы қайысқан Қызылорданың қалың жұрты:

– Қазақтың қара нардай қайраткері,
Алаштың асқар таудай айбары еді,
Айырылып аңырап қалды-ау
қапияда,
Сейілбектей арысынан Сырдың елі,

– деп егілген еді.

Иә, биылғы жылы 80 жасқа толған Қызылорда облысының тұңғыш әкімі С.Шаухамановтың атқарған еселі еңбегі ел есінде. Асыл азамат артына өшпес, өлмес көсем сөз де, ілкімді іс те қалдырды.

Сейілбек Шаухаманұлы қалың елім, қабырғалы жұртым, қайран қазағым деп бойындағы күш-қуатын, білімі мен білігін туған халқының игілігіне сарқа жұмсаған Егемен еліміздің біртуар тұлғасы. Азаматтық, адами қадір-қасиеті, кісілік кемелдігімен танылған ол Сыр бойының ардақ тұтқан абыз ақсақалы. Сәкең облыстың ардагерлер ұйымының өрісті істерімен елге өнегелік мектеп болуына да өлшеусіз еңбек сіңірді.

Тумысынан дарынды тұлға соңғы жылдары шығармашылықпен де белсенді айналысып, жергілікті баспадан жеке өзі жеті кітабын шығарып, Қазақстанның Журналистер және Жазушылар одақтарына мүшелікке қабылданды. Сөз өнерінің сайыпқыраны санатында мойындалды.

Ал таяуда С.Шаухамановтың қаламынан туындаған, өзі аманаттап кеткен бір шоқ публицистикалық дүниелері облыстық «Полиграфия Баспа үйі» баспасынан «Қазақ ел болам десе...» атты жаңа кітап күйінде оқырман қолына тиіп отыр.

Өн бойы өнегелі өмір шындығымен өрнектелген, көсемсөзбен көркемделген, шешен сөзбен шегенделген, ақыл-нақылға толы, мән-мазмұнды кітаптың кіріспесінде қазақ халқының қадірменді ақсақалдарының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Сағидолла Құбашев былай деп тамсана отырып, әңгімесін байыппен әдіптейді: «Алдымда Сейілбек Шаухамановтың кітабы. Ынта қойып оқыдым. Маған таныс оқиғалар, адамдар, өзгерістер, Қызылорда, Сыр бойы. Өзіне риза болдым. Бірден ойыма келгені: әділ де адал ойларымен, пікірлерімен, көзқарастарымен, тұжырымдарымен, бағаларымен қатар заманның, өмірдің бояусыз, таза шындығы көрініп тұр. Көп азаматтардың адал еңбектері, аттары үлкен құрметпен аталған, өзгерген өңірдің бүгінгі тыныс-тіршілігі қуанарлық. ...Сейілбектің өскен ортасы ақылды. Ол еңбекке әбден қайнап піскен, күнге күйген, суықпен суарылған, құм мен тұзға қуырылған кадр. Үлгі, ақыл алған ағалары Асқар, Әбділда, Әбдіжәміл. Ал Сырдың елге, халыққа белгілі Шахмарданы қазақтың ғылымына жетекші болса, Ұзақбай тәуелсіз қазақтың бірінші үкіметін басқарды».

Кітаптың «Жақсы ай мен күндей, жақсылығы баршаға бірдей» деп аталатын бірінші бөлімін автордың өзінің жазбалары, әсіресе, ол кісінің ілгеріде республикалық «Түркістан», «Айқын» газеттерінде жарияланған «Қазақ ел болам десе...» атты тәмам жұртты тосын ойларымен тамсандырған, жанашырлық жанды, ащы да тұщы, сыни тұрғыда жазылған проблемалық айтулы мақаласы бастаған. Онда өркениет көшіне ілескен егемен еліміздің толыққанды мемлекеттер қатарына қосылуы үшін «қоғамдық қауіпқатердің, аурудың, апаттың ет пен теріден өтіп қанға, сүйекке сіңуінің алдын алмасақ, өз қатемізді өзіміз жедел жөндемесек, дұрыс адами, қазақи, адал, таза, түзу жолға түспесек, жаңғырмақ түгілі, қаңғырып кететініміз сөзсіз... Бүкіл ел, халық, қазақ болып, басшымыз бен қосшымыз, жасымыз бен кәріміз, бәріміз мемлекеттік, ұлттық қауіпсіздігімізге кері әсер ететін келеңсіздіктерді болдырмайтын қоғамдық шаралар қолданып, жағымсыз жағдаят-жағдайларды түбірімен жоятын заңдар шығарылып, оның орындалуын мемлекет пен қоғам қамтамасыз етуі керек» деп ашық та ашына айтылған. Бұдан бөлек бұл бөлімде тау тұлға Ә.Кекілбаев, халықшыл хатшы С.Тәнекеев, аналардың анасы Ш.Қазанбаева, халқының қалаулысы Ж.Бакишев, человечный человек Н.А.Подольских, төраға Ө.Озғанбаев, нағыз қаһарман ғарышкер А.Айымбетов, адамгершіліктің академигі У.Бишімбаев, төрағалық тағдырына жазылған талант Ұ.Еспанов, теміржолдың темірқазығы П.Орынбасаров сынды замандас, әріптестер туралы естеліктері Сәкеңнің өзіне тән ой өрімдерімен ақ қағаз бетінде шалқар шабытпен айшықталған.

Екінші бөлімде «Қалың қазақ еліне қадірменді қайраткер» деген атаумен Алматы облысының әкімі А.Баталовтың, мәслихатының С.Шаухаманұлына Алматы облысының Құрметті азаматы атағын беру туралы ұсынысы мен шешімінің ресми мәтіндері жарияланған. Ал көкшетаулық Мұрат-қажының Сыр елінің батагөй абызына арнап ақ жүректен төгілткен өлеңдері мен мақаласы оқыған жанның жан дүниесін еріксіз толқытып, бөлекше бір әсерге бөлейді. Байқоңырлық генерал-лейтенант Н.А.Борисюктің Ресейдің бас коммунисі Г.А.Зюгановқа жолдаған Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Шаухамановты КПРФ-тің «50 лет космонавтике» мерейтойлық медалімен марапаттау туралы хаты да келтірілген.

Ардагер А.Божанованың «Абырой биігі» атты мақаласымен басталған «Жақсының өзі де жақсы, сөзі де жақсы» аталатын үшінші бөлімді Сейілбек Шаухаманұлымен жақынжуық араласып, бас кейіпкерді етене жақсы білетін заманы құрдас қадірлестерінің ол туралы естеліктері мен өлең жырлары құрайды.

Кітаптың «Жақсы келді дегенше, жарық келді десеңші, жақсылықтың уызын алып келді десеңші» деген соңғы бөліміне автордың даңқты жерлесіміз, Тұран елінің қолбасшысы Жалаңтөс баһадүр туралы және облыстық ардагерлер ұйымының конференция, пленумдарында жасаған баяндамалары енген. Бұл топтама достықтың, туыстықтың елшісі, екі жұртқа тілекші болып, жүзінен шуақ, жүрегінен мейірім төгілген, ата-енесін сыйлап, ардақтаған, халқының шынайы құрметіне, ақ батасына бөленген құрметті келіндердің қатысуымен тұңғыш рет өткізілген аймақтық «Қазақтың келіндері-ай» атты тартысты бәсекені ашарда Сәкеңнің берген баталы сөзімен түйінделген.

Халқының қамын жеп қамығып, қабырғасы қайысқан қайран Сәкең айтады-ау:

– Атам қазақ «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» демей ме? Мен сіздерге, бүкіл елге, халыққа ортақ, дос, жанашыр, тілектес адаммын. Сондықтан айтқандарымның артығы болса, менің шіркін-ай осылай болса ғой деген аңсарлы арманымнан, қиялымнан туған ойлар деп қабылдап, кемі болса кешірерсіздер. Ұлтымыздың кемел келешегі мен дархан болашағына, саулығы мен сауаттылығына, сыр-сымбаты мен қадір-қасиетін арттыруға, заман, уақыт талабына сай рухани жаңғыруына қатысты бірқатар ойларымды ортаға салдым.

«Ел болам десең бесігіңді де, есігіңді де түзе, адастырмай алып шығар ақылыңа жүгін, халықтық қамыңды қыл, қайратыңа мін, қайсар қазағым!..» Бүгінде өзі аруаққа айналып, о дүниеден туған халқының тілеуқоры болып, жан-тәнімен сүйген қазағын рухымен қорғап жатқан асыл азаматтың артына аманаттап кеткен кітабындағы ақтық қоштасу сөзі бұл...

Қуаныш МАХАНБЕТ,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, баспагер.

№91-92 (19769-19770) 22 маусым, сенбі 2019 жыл

23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Қоғам дамуы тәртіптен басталады

Мемлекеттің тыныштығы, халықтың амандығы бәрінен қымбат. Ел іргесінің сөгілмей, бүтіндігіміздің бұзылмай отырғаны құқық қорғау саласы қызметкерлерінің еңбектеріне тікелей байланысты. Қоғамның дамуы тәртіптен басталады. Соңғы жылдары қылмыс көрсеткішінің азайып, дамудағы ілгерілеушіліктеріміз осы қағиданың өміршендігінен болса керек.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

1992 жылы 23 маусымда ҚР Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы» Заң қабылдады. Бұл – Қазақстан полициясы қызметі мен міндетін анықтайтын алғашқы құқықтық акт еді. Ал 2007 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 23 маусым – Полиция күні болып бекітілді. Кәсіби мереке қарсаңында біз облыстық полиция департаментінің бүгінгі тыныс-тіршілігімен, саладағы жетістіктерімен таныстыруды жөн көрдік.

Өз антына адал құқық қорғау саласының мамандары қоғамдық тәртіпті қадағалау мен қылмысты болдырмау мақсатында тынымсыз жұмыс жасап келеді. Соның нәтижесінде қылмыстық құқық бұзу деректері өткен жылмен салыстырғанда 9,9 пайызға төмендеді. Сондай-ақ, тіркелген құқық бұзушылықтың барлық түрінің ашылу көрсеткіші жақсарды. Мәселен, ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстардың ашылу көрсеткіші 14,8 процентке, орташа дәрежедегі және ауыр емес санаттағы қылмыстардың ашылуы 3,7 процентке артты.

Бойына төзімділік, қырағылық, қарапайымдылық, шапшаңдық сияқты қасиеттерді сіңірген өз сөзіне берік жандардың бейбіт заманда көрсеткен батырлықтары бір төбе деуге болады. Біз әңгімелескен облыстық Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Нұрбол Сәден қол жеткізілген жетістіктерге тоқталып өтті.

– Ағымдағы жылдың 5 айында облыс көлемінде ауыр қылмыстың ашылуы 63,1-ден 79,6 процентке, аса ауыр қылмыс 88,0-ден 90,0 процентке жақсарып, адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, зорлау, ұрлық, оның ішінде пәтер ұрлықтары, алаяқтық, тонау, қарақшылық, бұзақылық қылмыстарының ашылу көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда жоғары болды.

Жалпы 37 қылмыстық топ құрықталып, олардың 66 қылмысқа қатыстылығы дәлелденді. Барлық қылмыстардың 60 пайызын құрайтын ұрлық қылмысының алдын алу және ашуға ерекше назар аудару қажет. Жыл басынан облыс көлемінде 1704 ұрлық, оның ішінде ұялы телефон ұрлығының 273, қалта ұрлығының 52 дерегі тіркелген. Осыған орай, халық көп шоғырланатын орындар яғни, базарлар мен сауда орындарында, қоғамдық көліктердің ішінде қалта ұрлығымен есепте тұратын және қылмыстық жауапкершілікке тартылған азаматтардың фотосуреттері жабыстырылып, жарнама парақшалары таратылды, – дейді басқарма бастығы.

Жыл басынан 159 ұрлық жасаған қылмыскер ұсталып, қылмыстары дәлелденді. Биыл пәтер ұрлығымен айналысқан 54 қылмыскер ұсталды.

– Облыстағы тағы бір өзекті мәселе – мал ұрлығы. Қабылданып жатқан шаралар нәтижесінде, мал ұрлығына тосқауыл қою бағытындағы жұмыстарымызды біршама жақсартық, – дейді Н.Сәден.

Яғни, облыс көлемінде 2019 жылдың 5 айында 188 мал ұрлығы тіркеліп, 2018 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 22,3 процентке төмендеген. Тіркелген мал ұрлығы қылмыстарының ашылу көрсеткіші де жоғарылай түсті. Қолданылған профилактикалық шаралардың нәтижесінде қарақшылық пен тонау қылмыстарының ашылуы жақсарды. Қала орталығында орын алған қарақшылық қылмыстардың ізін суытпай ашылуы қатаң бақылауға алынған. Мәселен, осы жылғы мамыр айының 14-15-і күндері Қызылорда қаласында орналасқан «Олимп» букмекерлік ойынханаларына қарақшылық қылмыс жасалған. Ауыр қылмысты ашу мақсатында жедел қызметкерлер тез арада кірісіп, нәтижесінде Қызылорда қаласының 29 және 30 жастағы тұрғындары ұсталып, қамауға алынды.

Уақытпен санаспай жұмыс жасайтын құқық қорғау орган қызметкерлерінің ерен еңбегі ел есінде қалады. Қызмет барысында қылмыскер қолынан қаза тапқан полицейлердің жанкештілік ерлігі кеудеде мақтаныш сезімін ұялатады. Олардың қатарында небәрі 25 жасында ерлік көрсетіп, бейбіт заманда өз өмірін қиып, ел азаматын қорғап қалған, II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, полиция лейтенанты Талғат Қозыбаев пен капитан Кеңесбек Әбішев те бар. Қылмыскер қолынан қаза тапқан қызметкерлердің жеке заттары мен суреттері департамент мұражайына қойылған.

Кәсіби мереке қарсаңында облыстық полиция департаментінің бастығы Арыстанғани Расылханұлы әріптестеріне жылы лебізін білдірді.

– Құқық қорғау органы қызметкерлері халықтың тыныштығын күні-түні күзетіп, қоғамдық тәртіпті бақылайды. Қауіп-қатердің алдын алады, төнген қауіпті ауыздықтауда басын бәйгеге тігетін кездері де аз емес. Әріптестеріме шын жүректен ұзақ ғұмыр, күш-жігер, шаңырақтарына бақыт тілеймін. Ішкі істер саласындағы жетістіктер мен жеңістерге, сынақтарға толы тәртіп сақшыларының өмірін тек олардың жақындарының қолдауы ғана жеңілдете түседі. Олардың махаббаты мен демеуі, түсінушілік танытуы тәртіп сақшылары еңбегінің жемісті болуына әсерін тигізеді. Сондықтан айтулы мереке күні жанұяларына ауызбірлік, зор денсаулық, бақыт, қызметте абырой тілеймін, – деді ол.

Полиция қызметі ел тәуелсіздігімен бірге құрылып, ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Оларды мемлекет тарапынан қолдау да жыл сайын артуда. Саладағы көкейтесті мәселелерді шешуде облыстық бюджеттен қомақты қаражат бөлініп, көмек көрсетілуде. Айталық, 2014-2017 жылдар аралығында ішкі істер саласына 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, оған 159 бейнебақылау, 196 қызметтік автокөлік алынды. Бұл өз кезегінде қылмыстың дер уақытында ашылуына және оның алдын алуға септігін тигізуде.

Бейбіт заманда өмірлерін қатергетігіп, тыныштығымызды қорғап, береке мен бірлікті сақтау – бүгінгі полиция қызметкерлерінің басты парызы болып қала бермек.

1989 жылы КСРО-ның соңғы басшысы, М.Горбачевтің «Жұмысшы жасақтар құру» жайлы бастамасы шығып, милиция бөлімдеріне комсомол жастардан ерікті-көмекшілер тарту жұмыстары болмағанда, жас жігіт Орынбасардың бала күнгі арманы мүлдем алыстап кетер ме еді, кім білсін?

Ержан ҚОЖАСОВ.

Мақсатына жеткен майор

Бала күнінен тәртіп сақшысы болуды армандаған Орынбасардың «көктен іздегені жерден табылғаны» осы кез. Әйтпесе, техникум бітірген жігіттің, «механик» мамандығын арқалап жүргеніне де көп бола қоймаған. Сол жылы облыстың әр саласынан жиналған 30 жігіт аймақтағы ішкі істер бөлімдерінде милиция көмекшісі бола жүріп, көбісі қиындығы көп, ұйқысы аздау бұл жұмыстан қашқаны есінде. Сол 30 жігіттен екі-ақ жігіт ішкі істер саласында қалып, бірі қылмыстық іздестіру бөлімінде қызмет атқарса, біз әңгімелегелі отырған кейіпкер әкімшілік милиция бөліміне кіріп, өзі ұнатқан бейнетке толы, тынышсыздау, мезгілсіз, күн-түн демейтін сапырылысқан жолды осылай қалап алған еді.

Орынбасар Әділ осы Қызылорданың тумасы. Жас күнінде мектепті жақсы тәмамдаған оның басты мақсаты – халықты қорғайтын сақшы болу болатын. Әскери борышты 1984-1986 жылдары Германияда өтеп келісімен, қаладағы комсомол ұйымына жұмысқа тұрған еді. Осы аралықта бас хатшының әлгі жарлығы шығып, Орынбасар енді өзі сүйген қызметке шын берілген уақыт та басталды. Жай ерікті түрде келген жігіттің алғырлығы мен сергектігі қалалық ішкі істер саласы басшыларына ұнап, тұрақты жұмысқа қабылдап та алды. Сөйтіп 1990 жылы жас Орынбасар қалалық ішкі істер бөлімінің патрульдік қызмет ротасына қатардағы милиционер болып қабылданды.

– Ол кезде бүгінгідей қылмыс болып жатқан аймаққа не тексеру жүргізуге шұғыл түрде жетіп барудың өзі мұң. Өзіне бекітілген аймақты жаяу аралап, құқық бұзушылықтың алдын алуға тырысатынбыз. Қала бойынша екі-ақ машина болатын. Сол қызметте тұрып, екі жылдан кейін бөлімше командирі болдым. Одан соң 1994 жылы взвод командирі деген қызмет жүктеліп, сол кездегі облыстық ішкі істер басқармасы деп аталатын мекемеге ауыстым. Содан кейінгі уақыттары басшылар сенім білдіріп, әкімшілік қамау орнының бастығы қызметіне тағайындалып, содан соң медициналық айықтырғыш қызметі бөліміне басшылық қызметке келдім, – дейді ол өткен жолдарды еске алып.

Орынбасар 1993-1995 жылы Шымкент қаласындағы арнайы милиция мектебін бітірген соң өз саласының үздігі ретінде көріне білді. Сол тұста, нақтырақ айтқанда, 1998 жылы ішкі істер бөлімдеріндегі ең қиын саланың бірі – әкімшілік қамау орнының бастығы қызметіне келді. Мұнда бір жарым жылдан соң медициналық айықтырғыш бөлімінің басшысы қызметін қоса атқарғаны бар. Ал 2000-шы жылдары басшылардың таңдауымен облыстық патрулдік полиция басқармасының басшысы деген лауазымға ие болды.

– Одан кейін облыс саласындағы штаттар бірігіп, қоғамдық қауіпсіздік басқармасы құрылды. Бұған Қасым Байкенжеев басшы, мен орынбасар болып тағайындалдым. Сол уақыттарда арнайы мемлекеттік күзет қызметі деген бөлім ашылып, онда да басшылық қызметте болғаным бар. 2002 жылдан бастап, 2006 жылға дейін Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімі басшысының қызмет істері жөніндегі орынбасары деген лауазым жүктелді. Ауданда жүріп, полиция саласының жүгін жігіттермен бірге көтердік. Есте қалатын нәрсе, осында жүргенде елді мекендерге қарасты учаскелік полицейлердің барлығын қызметтік тұрғын үймен қамтыдық. Мұнда, әсіресе, сол кездегі Қармақшыдағы сала басшысы Бақыт Муятовтың еңбегі зор болатын. Содан соң өзім облысқа оралып, 2010 жылға дейін медициналық айықтырғыш бөлімінде басшы болып, зейнетке шықтым, – дейді бүгінде сала ардагері.

Орынбасардың ішкі істер саласындағы қызмет жылдары тым күрделі екенін байқау қиын емес. Өзінің айтуынша, бұрын милиция, бүгінде полиция деп аталатын қызметке келгіңіз келсе, алдымен өз-өзіңе деген сенімді нығайту керек. Ал тәжірибесіз келген жас жігітке сол кездегі басшылар, әсіресе, облыстық ішкі істер басқармасы басшысының орынбасары Ғазымбек Алпысбаев, кейіннен біздің кейіпкердің өзі сол кісінің қарамағында қызмет атқарып, өзі орынбасары болған патрульдік милиция басқармасының басшысы Қасым Байкенжеев сияқты сала басшыларының қолдауы мен білгенін үйретуі мол өмірлік сабақ болып қалыптасты. Ал біздің «нағыз полиция қызметкері қандай болу керек?» деген сұрағымызға бүгінде сала ардагері болып отырған ағамыз былай деп жауап берді.

– Полиция күнделікті әртүрлі жағымсыз жағдайларды бастан кешіріп, көзбен көреді. Ал, оның барлығы ерте ме, кеш пе, адамға әсер етпей қоймайды. Олардың жұмысы қырық тармақты, сан салалы әрі жауапты. Ол үшін білім де, білік те, білек те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайрат екібастан қажет. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицей бойынан табылуға тиісті басты қасиеттер. Ұстамды болуы, адамдармен араласа білуі, сыпайы болуы да аса маңызды. Осындай толып жатқан талаптардың үдесінен шығу оңай емес, – дейді Орынбасар Әділ.

Ішкі істер саласында қызмет ету қай кезде де оңай болмаған. Отанның тұтастығы мен халықтың тыныштығы осылардың қолында. Осы аса маңызды да қастерлі міндет олардан қашанда тап-тұйнақтай жинақылықты, темірдей тәртіпті, сақадай сай дайындықты талап етеді. Әсіресе, патрульдік полиция бөлімінің қызметкерлеріне талап күшті. Қатардағы милициядан облыстық ішкі істер басқармасына қарасты патрульдік полиция қызметінің бастығына дейінгі сатылы жол Орынбасар Әділдің елге деген еңбегінің жарқын көрінісі. Қызметте жүргенде де, зейнетке шыққанда да өз саласының қаншама мақтау қағаздарынан бөлек, ҚР ІІМ 15, 20, 25 жылдық мерекелік медальдары, ІІМ-дегі «Үздік қызметі үшін» төсбелгісі мен ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін алған I, II, III дәрежелі ордендерімен марапатталды. Ел тыныштығына алғаусыз қызмет еткен, облыстық ішкі істер саласының «Құрметті ардагері», полиция майоры Орынбасар Мақсұтұлы зейнетке шыққа да қоғамдық қызметте әлі де белсенділік танытып жүр. Жасынан мақсат қоя білген майордың бүгінгі тілегі біреу-ақ. Ол – заман тыныштығы мен ел бүтіндігі.

«Орынбасар ағаның әулетінен әке жолын жалғаған бұрымды ару бар. Ол – Сырдария аудандық ішкі істер бөлімінің тергеушісі, аға лейтенант Айгүл Әділова. Ұрпағының «елге қызмет етем» деген басты мақсатына қуанған Орынбасар аға да бар білгенін Айгүлдей пагонды қызына үйретуден жалыққан емес. Антына берік болған полицей әке ізін қуған ұрпағына ең басты «адалдық» деген шеңберден шығып кетпеуін жалықпай айтып келеді.

Жақсылық пен жаңалықтың жаршысы

Қырық мыңға жуық халқы бар Жалағаш ауданының арғы-бергі тарихын түгендеген аудандық басылымның жарыққа шыққанына биыл 85 жыл толып отыр. Сонау 1934 жылы «Колхозшы» деген үнпарақтан бастау алып, одан кейін «Күрішшілер», «Коммунизм үшін», «Коммунизм шамшырағы», «Жаңадария», бүгінде «Жалағаш жаршысы» атауымен тұрақты шығып келе жатқан қоғамдық-саяси басылым әр кезеңнің талабына сай шығармашылықпен еңбек етіп, қалың бұқараның қалтқысыз құрметіне бөлене білді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

«Жалағаш жаршысы» газетінің 85 жылдық тарихында бүгінге дейін 24 редактор қызмет атқарды. Айталық, С.Жарылқасынов, Ж.Дүйсенов, С.Ақжігітов, М.Нұржанов, С.Қожаниязов, Ж.Алтыбаев, Ә.Ахетов, Ш.Оңғалбаев, С.Жүсіпов, М.Исаев, А.Қойшыбаев, Ә.Аманов, Қ.Әбдешев, З.Салықбаев, А.Кіребаев, М.Ілиясов, Т.Тәшен, К.Сүлейменов, М.Аяпов сынды тау тұлғалы азаматтардың орны әркез оқшау тұрады.

Өмірге деген сергек көзқарасы, салмақты үні бар, шығармашылық өкілдері Т.Сарыбаев, С.Баймаханов, Қ.Нұрғалиев, Б.Уызбаев, А.Бекарыстанов, І.Мұстафаев, Ж.Сарбалаев, А.Тілеулиев, Б.Шайланов, Ж.Әбжамилов, фототілші Т.Ахметов сынды қарымды қаламгерлердің есімін ел әркез құрметпен атайды. Сонымен бірге, осынау аудандық басылым қабырғасында еңбек ете жүріп, қаламгерлік жолында қадамы қалыптасқан, бүгінде есімдері елге әйгілі А.Сәдібеков, Е.Айғалиұлы, Қ.Достан, Б.Бүркітбайұлы, Е.Әбіл, М.Байназар, Б.Алпысбаева, Е.Әбдіхалықова секілді шығармашылық өкілдерін зор мақтанышпен айта аламыз.

Халық бұл шаңырақты дүкен деп те атайтын. Өйткені баспаханадағы жұмыс күні-түні бір толастамайтын. Айтса, айтқандай, ұста дүкеніндей дүрсілдеп жататын. Баспа машинасын басқаратын Жұмабек Уақбаев ағамыз ерекше болмысты адам еді. Сол дүкеннің шырақшысындай, бүкіл өмірін баспахана қабырғасында өткерді. Шырақшы демекші, осынау қара шаңырақта қырық жылға таяу еңбек еткен, хатшы Жанат Иманалиева жайлы азырақ айтып өтпесек, айып болар. Осы уақыт аралығында ол тоғыз редактормен бірге жұмыс жасаған. Қаншалықты табанды еңбек екенін осыдан-ақ білуге болатын шығар. Ол уақытта редакцияға келген барлық ақпараттар, оқырман хаттары, аудан басшыларының бірнеше бет баяндамалары хатшының машинкасында терілетін. Демек, ол кісінің атқарған қызметі ешбір журналистен кем емес деп ойлаймын.

Ал баспахана ұжымында, кешегі күні ленотип машинасында әріптер қорғасыннан құйылатын уақытта еңбек еткен С.Тәжікенова, Ж.Тәшенова, Қ.Ерғалиева, Р.Кенжебаева, З.Сейтенова, Т.Ахметова, Н.Баймаханова, мекеменің бас есепшісі Т.Жидебаева бүкіл саналы ғұмырын осы шаңырақта өткеріп, абыроймен зейнетке шықса, сол кездегі жас мамандар Б.Тәшкенбаева, А.Ізтілеуовалар қазіргі ұжымның үлкендері болып отыр.

Аудандық газет аудан өмірінің айнасы. Сонау XX ғасырдың бас кезіндегі колхоздастыру кезеңінен бастап бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің отыз жылға жуық дәуіріндегі қоғам келбеті түгел басылым бетінен көрініс тауып келеді. Осы орайда өзім басшылық жасаған кезеңде жергілікті билік пен аудандық басылым арасындағы бірлесе атқарылған нәтижелі жұмыстарды атап өтуді жөн көрдім.

Дәлірек айтсам, 2009 жылдың қараша айында маған аудандық газет редакторының міндетін атқару жүктелген болатын. Бұл уақытта аудан басшысы таным-талғамы, парасат пайымы бөлек Өмірбек Шәменов ағамыз еді. Қандай бір істі де сабырмен саралап, байыппен бағамдайтын. Сол жылы аудан басшысының қолдауымен, «Жалағаш жаршысы» газетінің 75 жылдығы кең көлемде аталып өтті.

Ал, 2010 жылы ауданға Қ.Бекенов әкім болды. Жас әкім сөзден гөрі іске бейімділігімен көптің көңілінен шықты. Уақытты ұтымды пайдаланып, жұмысты шұғыл атқарғанды жөн көретін. Қат-қабат қызу тірлікке көптің де құлшынысы артқандай еді. Ал бізде күн сайын жолсапар, шалғайдағы ауылдарға барып, газет нөміріне мақалалар дайындаймыз. Шаңға батып, шаршап-шалдығып келеміз. Әйтсе де, жазған дүниелеріміз шынайы, оқырман ойынан шығып жататын.

Дегенмен, дәл сол кезеңде аудандық газеттің материалдық ахуалы аса мәз емес еді. Редакцияның баспаханаға, электр қуатына, еңбекақыға жылдап қордаланған қарызы, басқа да шаруашылық шығындары еңсені көтертпейтін. Сол кездегі ауданның идеология саласын басқаратын Рауаш Әлиқызымен бірге осы мәселені аудан әкімінің алдына қойып, қаржылық қиындықтан шығу жолдарын ақылдастық. Нәтижесінде, сол күнге дейін А-3 форматында түрлі-түсті бояумен шығып келген газет енді екі түспен (қара-көк) шығатын болды. Осылайша бұған дейін газет бастыруға кететін шығынды екі есе үнемдеуге қол жеткіздік. Қаржылық жағдай біртебірте қалыпқа түсті. Бұдан кейінгі жылдары аудан басшылығына келген Б.Қаюпов ағамыздың да басылымға деген көзқарасы бөтен болған жоқ.

Ал 2011 жылдары С.Сермағамбетов ауданды басқарған уақытында газет қайтадан түрлі-түсті бояумен А-3 форматқа көшті. Оның бір себебі, 2012 жылы Бұқарбай батыр бабамыздың 200 жылдығы аталып өтетін болды. Газеттің шығармашылық жұмысы қалыпты, алайда әдеттегі қаржылық қиындықтар қайтадан алдымыздан шықты. Аудан басшысын жағдайдан хабардар еттік. Серік Сағитжанұлы бірінші орынбасары Е.Өмірсеріковке редакцияның қаржылық жағдайына толық сараптама жасап, ұсыныстар беруді тапсырды. Мерзімді уақытта сараптамалық материал аудан әкімінің назарына ұсынылды. Анықталғандай, газеттің жылдық табысынан бөлек, 2 млн теңге шамасында қаржы жетіспейді. Аудан әкімі осы қаржыны аудан бюджетінен бөлуге ықпал етіп, мәселені оңтайлы шешіп берді. Сол 2011 жылы «Таңсәрі» деген атпен алғашқы жыр жинағым жарыққа шыққан еді. Осыған орай аудандық мәдениет үйінде кең ауқымды шығармашылық кешімді өткізуге қолдау көрсетті.

Облыс әкімі Қ.Көшербаевтың бастамасымен 2013 жылдары аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті «Сыр медиа» серіктестігінің құрамына өтті. Мемлекеттік тапсырысты орындауға бөлінетін қаражат көлемі бірнеше есе артып, материалдық-техникалық жағдай едәуір жақсарды. Редакцияның ғимараты, қызметтік көлік, компьютер сияқты мәселелер түбегейлі шешімін тапты. Сол уақыттың талап деңгейіне сай еңбекақы көлемі артып, қажетті мамандармен толықтырылды. Ал, газет аптасына екі мәрте А-2 форматында түрлі-түсті бояумен шығарылатын болды. Осы жылдары газет тиражы 3 мың данадан асты. Басылымның ішкі жұмыстарында да біршама өзгерістер орын алды. Бір сөзбен айтқанда, газеттің бас редакторлары бұрынғыдай еңбекақы, салық төлемдері, түрлі шаруашылық шығындары, баспа жұмыстары сияқты мәселелермен бас қатырмай, тек шығармашылық бағытындағы жұмыстарды үйлестіретін болды. Әлбетте, бұл заман талабына сай бұқаралық ақпарат құралдарының да жаңа қырынан танылуына мүмкіндік берді.

Ауданға Т.Дүйсебаев басшылық жасаған тұста, яғни 2014 жылы аудандық газеттің 80 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтті. Басылым тарихы жөнінде «Жалағаш жаршысы» жаңа белесте» атты кітап жарыққа шықты.

Ал биыл «Жалағаш жаршысы» басылымының жарыққа шыққанына 85 жыл толуына орай аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаевтың қолдауымен газеттің мерейтойы аталып өткелі отыр. Бұл орайда бүгінгі БАҚ талабына сай абыройлы қызмет атқарып келе жатқан әріптестерімді төл мерекемізбен құттықтаймын. Қанатымды қатайтып, қаламгерлер қатарына қосқан қасиетті қара шаңырақ – «Жалағаш жаршысы» басылымына қашан да құрметім шексіз.

ТАҒЫМ

«Ленин» орденді ұстаз

Бала күніміздегі ауыл көрінісі көз алдымда. Ауыл ортасын ойып ағатын «Қосапан» каналының екі жағын жағалай қам кесектен соғылған қоржын тамдар жайлаған. Әр-әр жерге шоғырланып орналасқан үйлер бір бірінен алшақ болмағанымен, аралары тым жақын да емес-ті. Дегенмен, сүт пісірім уақытта барлығын дерлік аралап шығуға да болатын. Сонысына орай олар тұрған аумақ атауы да әртүрлі еді. Қарашоқы, Сатыпалды, Иіркөл, Зіңкетер, Бестөбе, Калинин, Ленин, Қосапан ... солай жалғасып кете беретін. Сол қоржын тамдардың бірінде қырық жыл ұстаздық еткен, Кеңес үкіметінің ең жоғары наградасының бірі саналатын «Ленин» орденін иеленген Имаш мұғалімнің өмір сүргенін кім білген...

Имаш Нақыпұлы 1893 жылы Қараөзек болысы Айнакөл ауылында елге танымал Нақып жыраудың отбасында дүниеге келіпті. Имаш алғашқы діни сауатын өз әкесінен алып, ол білімін одан әрі жетілдіруді көздейді. Нақып жырау баласын Бұқара қаласындағы Көкілташ медресесіне оқуға жібереді. Көне деректерге сүйенсек, кезінде Бұқарада 103 медресе болған екен. Олардың көпшілігі өз кезінде сәулет өнерінің ең озық үлгілерімен салынып, әлі күнге дейін ерекше әсем әдемі ансамбль құрап, қалаға сән беріп тұр. Солардың арасында Көкілташ медресесі де бар. Осы медресеге оқуға түсіп, оны 1913 жылы өте жақсымен бітірген Имашты Досжан хазіреттің адамдары Ақтөбеге алып кетеді. 1913-1918 жылдары Имаш Досжан хазірет медресесінде дамолла дәрежесінде дәріс береді. 1918 жылғы ақ пен қызыл айқасқан аласапыран кезеңде Имаш елге оралады. Иіркөлдегі Сейітназар Мусанниб мектеп-медресесінде мұғалім болады. Ал 1928 жылы елдегі кәмпескелеу ойранынан қашқандай болып, жазушы С.Сейфуллин мен аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі С.Айзоновтың көмегімен Қазақ халық ағарту институтына оқуға түседі. Араға уақыт салып барып, Имаш Нақыпұлы 1923 жылы Абдолла Ағайдарұлы негізін қалаған Зіңкетердегі бастауыш мектепке мұғалім болып зорға орналасады. Өйткені, оған Досжан хазірет медресесінде біраз уақыт дамолла дәрежесінде дәріс бергені, балалардың діни сауатын ашқаны пәле болып жабысқандай еді. Дін жолын насихаттағандарға, мешіт пен медреседе қызмет еткендерге деген Кеңес үкіметінің көзқарасы белгілі-тұғын. Өмірден көп тепіреш көрген Имаш көптің бірі болып, елеусіздеу жүруге де үйренді. 1936 жылы Иіркөлдегі Зіңкетер мектебі 7 жылдық мектепке айналады. Оның алғашқы директоры болған Қайырхан Қайырлапов Ұлы Отан соғысында қаза табады. Одан кейін Қалмақ Сексенбаев мектеп директоры болады. Міне, осы мектепте Имаштың ұстаздық жолы қалыптасып, ауыл балаларының бастауыш білім алуына өзіндік үлес қосады.

Қырқыншы жылдардың соңы мен елуінші жылдардың бас кезінде қазіргі Аманкелді, Жетікөл, Айдарлы ауылдарының табанында 11 шағын колхоз болыпты. Имаш мұғалім осы ауыл балаларын оқытуды міндетіне алса керек.

– 1944 жылғы жазда үйіміз Жаңарық деген жерге көшіп барған болатын. Сол жылғы 1 қыркүйекте алғаш рет «Қызыл ту» мектебіне бардым, – деп еске алады қазіргі зейнеткер, ұзақ жыл мұғалім болған Мұкаш Жүсіпова.– Мектеп дегеніміз Дүйсен молданың мешіті болған, екі бөлмелі домалақ етіп салынған шағын ғимарат еді. Орындық аз, екі-үш баладан отырдық. Бізді қарсы алған ұстаз осы Имаш ағай екен. Алдында ғана қасында ақын Қуаныш Баймағанбетов бар, екеуі үй-үйді жағалап, балаларды мектепке оқуға шақырған болатын. Соғыстың уақыты, жоқшылық, киім-кешек тапшы, мектепке жалаңаяқ келгеніміз есімде. Қағазқалам тапшы, бір қаламды үшке бөліп, ұштап бергені, әрқайсысымызға екі парақтан бергені әлі күнге дейін көз алдымда.

Имаш мұғалімнен сабақ алып, әріп таныған ауылдың көнекөз қариялары Әбсаттар Әбдірәсілов, Серікбай Тәшімов пен Дүйсен Смағұлов ұстаздары туралы жылы пікірлерін білдірді. Өздерінің бір ауылдан екінші ауылға көшіп жүріп оқығандарын, парта, тақтаны екі бала екі жағынан көтеріп кете беретінін, қайда барса да Имаш ағайдың өздерінің қасынан табылатынын айтты.

Ұзақ жылғы ұстаздық қызметі үшін «Қызыл ту» орта мектебінің мұғалімі Имаш Нақыпұлы 1951 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен «Ленин» орденімен марапатталған.

– Ағайға орденді салтанатты жағдайда тапсырылған сәті әлі көз алдымда,– деп еске алады М.Жүсіпова.– Бойы қысқа, шағын денелі кісі еді. Отыратын орындықтың үстіне тұрғызып қойды. Аты-жөнін білмеймін, әйтеуір ауданнан келген-ау шамасы, денелі кісі сөйлеп, бұл награданың кез келген адамға бұйыра бермейтінін, аудан ұстаздарының арасында «Ленин» орденін алғандар саны тым аз екенін айтып, ағайдың омырауына тағып жатты. Сонда орындық үстінде тұрған ағайымыздың ана кісінің жанында сондайлық кішкентай екенін аңғардық.

Шәкірттері Нақып жыраудан өрбіген Имаш мұғалімнің ақындық қасиеті болғанын еске түсіреді. «Кейде сабақ түсіндіріп тұрып, төгілдіріп жыр оқитын, өлең де айтатын. Сабаққа нашар кей балаларды мысқылдап өлең құрастыратын. Сол кісінің мысқылына ұшырамайық деп тырысып оқитын ек» деп еске алады Серікбай Тәшімов. Имаштың бірге туған інісі Барат көзі тірісінде жыраулықпен аты шыққан жан екен.

Имаш ұстаздың жалғыз ұлы Омар Нақыпов соғысқа дейін атасы Нақыптың тәрбиесінде болған. Бала жасынан жырау атасының жыр-дастандарын тыңдап өскен Омар Ұлы Отан соғысына қатысып, Невель-Псков қаласы үшін жан алып, жан беріскен соғыста жараланып, госпиталға түседі. «Қызыл Жұлдыз» орденін иеленген Омар соғыстан 1944 жылы оралып, ішкі істер бөлімінде қызмет етті.

«Ер есімі ел есінде» дейді халық даналығы. Еске алатын ұрпағы, еске түсіріп отыратын ұжымы болса, ер есімі ескерусіз қалмайтыны анық. Бүгінгі мақаламызға арқау болған мұғалім Имаш Нақыпұлы оның немересі Заңипа Имашева мен күйеу баласы Қуанышбек Мырзахметовтің ізденуімен жазылып отыр. Өкінішке орай қазір ақын Қуаныш Баймағанбетовтың атын иеленген №42 мектеп тарихында Имаш мұғалімнің аты кезікпейді. Демек, мектепте қызмет еткен қарапайым, қатардағы пән мұғалімдерінің аты-жөні тарихқа іліге бермейтіні ғой. Соңында ұрпағы болып, үнемі аты аталып тұрса бір жөн, егер іздеушісі болмаса ше?! Біздіңше, әр отыз жыл көлемінде мектепте қызмет еткен мұғалімдер жайлы арнайы кітап, болмаса альбом шығарылып, олар жайлы деректер жинақталып тұрса, ұрпақтары бірігіп, ас берсе, оларды білетін жандардың естелігі ескерілсе, осының өзі ұрпаққа үлгі-өнеге болары хақ.

Шындығында да, Имаш Нақыпұлы ел басына күн туған ауыр кезеңде ұстаздық етті. Майдан үшін еңбектене жүріп, өмірден тепіреш көре жүріп балаларды біліммен сусындатуға белсене араласты. Қиындықтан қиындыққа кезігіп, бір жерден екінші жерге көшіп жүріп, мұғалім деген ардақты атты қастерлеп өтті. Ол жайлы оны білетіндердің пікірі көңіл сүйсінтеді. Сондықтан ел болашағы үшін бел шеше еңбек еткен жанның есімін ел есінде қалдыру қажет-ақ. Өзі тұрып, еңбек еткен ауылдың бір көшесіне атын берсе, алдағы үш-төрт жылда келетін 120 жылдығын ауыл, аудан көлемінде атап өтсе, несі мін?! Қайта ол бүгінгі ұрпақтың аталар алдындағы міндетінің өтелгені емес пе?! Ауылдың өткені мен келешегін саралап отыратын ауыл жанашырлары, ардагерлер кеңесі бұл жайында не ойлайды екен?!

Жұмағүл ОРАЛБАЕВА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Атам еккен бақ еді

Қолыма қалам алып, ұзақ ойландым. Нағашы атам Жолдасбек Адаевтың өмір жолын кейінгі ұрпағы бағамдай жүрсін деген ниетпен қағазға түсірдім.

Шынар БЕКБАН.



Атам жүзінен мейірім шуағы төгіліп тұрған, балаларын жанындай жақсы көретін, елдің ішінде абыройлы ақсақалдардың бірі болатын. Денелі, бидай өңді, келбеті келісті, биік бойлы, етжеңді, көзінен от шашып тұратын.

Нағашы атам 1922 жылы Шаған ауылында туған. Ол кісі өзінің ауыр кезеңдегі балалық шағын еске ала бермейтін еді. Десе де, өте сауатты, жан-жақты, әрі бағбан, әрі ұста кісі болған. Оның әрбір сөзі мен ісіне, балаларына берген тәрбиесіне қарап, құдды бір дала университетінің профессоры дер едім. Себебі, кейінгіге отансүйгіштік, ата-анаға құрмет, кішіге ізетті, қызметте адал болуды үйретіп, оны сөзімен емес, ісімен дәлелдеген жанның бірі менің атам.

Жолдасбек ата төрт ағайынды болған. Үлкен ағасы Ергеш Адаев қазіргі Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының түлегі (мектеп музейінде Ергеш Адаев туралы мәліметтер сақталған). 1940-шы жылдары бұрынғы «Қазақстан пионері» газетінде тілшілік қызмет істеген. Журналистер одағының мүшесі болған. 1941 жылы соғысқа аттанып, 1943 жылы әскери тұтқындарға арналған Stalag 327 (Шталаг 327) лагерінде тұтқында болып, 1943 жылы қаза тапқан. Атам үнемі ағасы туралы естеліктер айтып отыратын, бауырына деген сағыныштан «Ажал құрсауында» деген кітап та жазды.

Ал інісі Смайыл Адаев Вильнюс қаласындағы милиция мектебінің түлегі. Шымкент қаласындағы аудандық милиция бөлімшесінің басшысы болды.

Нағашы әжем Жеңісбике ақжаркын, адам жатырқамайтын жан ретінде есімде қалған. Ол кісі өте қонақжай, қолы ашық, берекелі дастарханды болды. Қай кезде барсақ та айран-сүті, дәмі тіл үйірер сары майы мен ағарғаны үзілмеуші еді. Осындай қарапайым отбасынан үш ұл, екі қыз тәрбиеленіп өсті.

Қандай да бір азаматты бағалаған кезде алдымен оның қоғам алдындағы атқарған қызметі, елге сіңірген еңбегі басты өлшем болмақ. Атам ұрпағының тәрбиелі, саналы, өнегелі, сауатты азамат болып қалыптасуына төккен терінің зая болмағандығына куә болып кетті.

Үлкен ұлы Төрехан 1978 жылы Алматыдағы ҚазМУ-дың Заң факультетіне түсіп, 1984-2012 жыл аралығында прокуратура саласында әртүрлі қызметте болды. Полковник. Қазір отставкада. Үлкен ұлы Әкім Адаев та осы салада қызмет істеген, отставкадағы полковник.

Екінші ұлы Уәлихан Жолдасбекұлы Шымкент қаласында ҚазХТИ-ді бітіріп, еңбек жолын фосфор зауытында электрдәнекерші, слесарь, инженер болып бастады. 1985 жылдан мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде лейтенанттан полковник дәрежесіне дейін өсіп, осы салада басқарма басшысы қызметін атқарды. Қазір отставкада. Ұлы Шоқан әке жолын қуған офицер-майор.

Қара шаңырақтағы Нұрлан аға да мәуелі бәйтеректің ошағын сөндірмей, ұл-қыз тәрбиелеп отыр.

Балалық шағымдағы тәтті кезеңдердің әдемі тұстарын еске алсам, сөзсіз көз алдыма нағашы ата-әжемнің үлкен жеміс бағы түседі. Алма баққа кіріп, әртүрлі жемістерді теріп жеп, ағаштың қалыңдығынан үйдің қай тұста екенін таппай адасып жүретінбіз. Шие піскеннен бастап қара күзге дейін өрік пен жиде төгіліп тұрған бақтан шыққымыз келмейтін. Немерелерінің топырлап жеміс жеуге бара жатқанына сүйсініп қарап отыратын атам «бұдан артық бақыт бар ма?» деп отырушы еді.

Менің есімде атамның бейнесі қарапайым тіршілік жасап, ұрпақ өсіріп, қаламын жанына серік етіп, жан-дүниесі ізгілікке толы, біреуге қиянат жасап көрмеген жан ретінде қалды.

Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Кәсіпкерлер үшін сервистік қолдау» компонентінің жүзеге асырылып жатқандығын хабарлайды.

Төмендегі қызмет түрлері онлайн түрде www.services.atameken.kz порталы арқылы көрсетіледі:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Кеден рәсімдері бойынша қызметтер;
3. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
4. Заң қызметтері;
5. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер;
6. Ақпараттық технологиялардың қызмет көрсетуі саласында кеңес беру қызметтері;
7. Мемлекеттік сатып алулар, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын қолданушылардың сатып алулары бойынша қызметтер;
8. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы қызметтер.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында төмендегі қызметтерді офлайн түрде алуға болады:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
3. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер.

Толығырақ мәліметті Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 42 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығынан алуға болады.

Облыс аудандарындағы Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының филиалындағы Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарында қызмет түрлері кәсіпкерлер өтініші бойынша сәйкес көрсетіледі.

Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары:

Арал ауданы – Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;
Қазалы ауданы – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;
Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалаңтөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;
Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;
Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;
Сырдария ауданы – Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, № 12 А үй, тел.: 8/72436/79179;
Шиелі ауданы – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;
Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120;
Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/ 23527.

Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02.
Call-Center - 1432.

АЙБЫН

Ел қауіпсіздігінің кепілі

Биыл Ұлттық ұланның Қызылорда қаласындағы 5547 әскери бөлімі ұжымының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге атсалысып келе жатқанына 10 жол толып отыр. Менің ішкі әскер саласында еңбек еткен ширек ғасырлық ғұмыр жолымдағы жарқын кезеңдер осы аталған әскери бөліммен тікелей байланысты десем, артық айтқандық болмас.

2009 жылдың мамыр айының соңғы күндерінің бірінде ішкі әскер қолбасшылығының кадр жөніндегі бөлім бастығы полковник Г.Григорьянц еңбек демалысында жүргеніме қарамай шақыртып алды да, Қызылорда қаласында жаңадан құрылған әскери бөлімнің командирі болып тағайындалған бұйрықпен таныстырды. Сол күні-ақ, ішкі әскер қолбасшысы (сол кездегі шені генерал-лейтенант) Руслан Жақсылықовтан нұсқаулық, тапсырмалар алдым да Шымкенттегі 6506 әскери бөліміне аттандым. Өйткені, енді ғана еншісін алып жатқан әскери бөлім сол кездері 6506 әскери бөлімінің жеке құрамына қарасты болып, Қызылордадағы арнайы полк ретінде қызмет көрсететін. Құрама командирі Т.Рысдәулетов мені жеке құрамға таныстырып, қызметіме сәттілік тілеп шығарып салды. Ал Қызылордаға келгеннен кейін қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы, полковник А.Әбжановпен танысып, генерал-майор Ж.Омарқұлов пен полковник Г.Рисов үшеуміз әскери бөлім орналасуы үшін берілген №144 мектепті аралап, жұмыс жоспарын құрып шықтық. Осылайша, 2009 жылдың 15 шілдесі күні Қызылорда қаласында жедел мақсаттағы батальон құру туралы Үкімет қаулысына қол қойылып, біздің бөлімнің қызметі өз жұмысын бастаған болатын. Өйткені, осы уақытқа дейін облыс орталығында ішкі әскердің әскери бөлімі жоқ болатын. Сөйтіп, 5547 әскери бөлім құрылып, олқылықтың орны толды.

Елдегі саяси жағдай тұрақты әрі бірқалыпты болғанымен, әлемді шарпыған дағдарыс дерті біздің еліміздің экономикасына да өз ықпалын тигізген еді. Соның салдарынан мемлекеттен әскери бөлімді қалыптастыру құрылысына мақсатты қаржы бөлінбеген кез болатын. Солай десек те, ішкі әскер қолбасшысы генерал-майор Р.Жақсылықов қиын-қыстау кезеңнен жол тауып мәселенің түйінін тарқата білді. Яғни, үнемделген қаржы есебінен материалдық қажеттіліктердің орнын толтырып, құрылыс қарқынын тоқтатпады. Сонымен қатар, орайлы сәтте әскери бөлімдегі офицерлік құрам мен сарбаздардың ерен еңбегі сіңгенін де айта кеткен жөн. Атап айтқанда, мерзімді қызметке сарбаздарды тездетіп қабылдау үшін олардың тұрмыстық үй-жайын салумен қатар, медициналық пункт, казарма, штаб, кезекші бөлімі мен қару-жарақ қоймасы, тұмыстық заттар қоймасы, кептіру бөлмесі сынды нысандар бой көтеріп, пайдалануға берілді.

Осылайша, 2009 жылдың 26 желтоқсанында алғаш рет мерзімді қызметтегі сарбаздардың алғашқы легі Қызылорда қаласында орналасқан 5547 әскери бөлімінің аумағына келді. Олар осы жылдың көктемінде Шымкенттегі 6506 әскери бөліміне Отан алдындағы борышын өтеуге келген жас жауынгерлер болатын. Жеке құрамды құрама командирі Т.Рысдәулетов бастап келді.

2010 жылдың 19 қаңтарында Қызылорда қаласының орталық алаңында салтанатты жиын өтіп, оған Ішкі істер вице-министрі, генерал-майор А.Күреңбеков пен ішкі әскер қолбасшысының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы Е.Ботақанов қатысып, әскери бөлім басшылығына жауынгерлік туды табыс етті. Сондай-ақ, бұл шараға сол кездегі облыс әкімі Болатбек Қуандықов пен 6506 әскери бөлімінің командирі Талғат Рысдәулетов, полковник Мұхаметқали Сатов, полковник Алтынбек Жүсіпов пен өзге де лауазымды азаматтар қатысқан еді.

Бүгінде подполковник Мақсат Қырғызбаев жетекшілік ететін 5547 әскери бөлім әлеуеті нығайған құрылымға айналған. Мемлекет тарапынан барынша жағдай жасалып, үкіметтік деңгейде тиісті шаралар іске асырылып жатыр. Мұның бәрі де ынтымағы жарасып, бірлігі артқан Тәуелсіз еліміздің қарышты дамуы үшін жасалып жатқан игі қадам, сәтті жобалар. Тыныштығы тұрақты, қауіпсіздігі қырағылықпен күзетілетін бүгінгі байтақ еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемел деп нық сенімдемін айта аламыз.

Асатолла ҚҰЛАХМЕДОВ,
запастағы полковник,
5547 әскери бөлімінің бірінші командирі.

Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы облыс тұрғындары үшін **АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ҰСЫНАДЫ.** Кәсіпкерлерді ақпараттық қамту қызметі әрекет етуші және кәсіпті жаңадан бастаған кәсіпкерлерге, сонымен қатар кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға облыстың барлық аудандарында орналасқан Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында көрсетіледі.

Келесідей қызмет түрлерін ұсынылады:

1) Орта және шағын кәсіпкерлікті, кәсібін жаңадан бастағысы келетін тұрғындарды мемлекеттік қолдау жайлы ақпараттандыру;
2) Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың «Бір терезе» ұстанымы негізінде мемлекеттік қаржылай емес көмек түрі;
3) Орта және шағын кәсіпкерлік, жаңадан басталатын кәсіпкерлік субъектісіне мемлекеттік қаржылай емес көмекті функциональды түрде жүзеге асыру;
4) Қаржылай емес көмекті алу үшін шағын және орта кәсіпкерлерден және кәсіпкерлікті жаңадан бастағысы келетін тұрғындардың арызын жинау;
5) Кәсіпкерлікпен айналысу үшін, оны ашу және жүргізуге кеңес беру қызметі;
6) Қаржылық институттарымен жұмыс жасау талаптары түсіндіріледі.

ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.

Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары:

Арал ауданы – Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;
Қазалы ауданы – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;
Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалаңтөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;
Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;
Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;
Сырдария ауданы – Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, № 12 А үй, тел.: 8/72436/79179;
Шиелі ауданы – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;
Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120;
Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/ 23527.

Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02.
Call-Center - 1432.

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-08-01) «Қарабұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі. №20, 21, 22, 39, 41, 47 ұңғымаларынан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (17-25) «Қызылқия кенішінде мұнай жинау бекетін жаңғырту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-55) «Оңтүстік Құмкөл кенішіндегі №53 ұңғымадан тартылатын аралық құбырды ауыстыру». жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-49) «Арысқұм-Жосалы СС-ң 16” мұнай құбырын және Жосалы МҚТ Мұнай құю терминалын консервациялау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

№91-92 (19769-19770) 22 маусым, сенбі 2019 жыл

БӘРЕКЕЛДІ

Әріптесіміз – тіл жанашыры

Әріптесіміз, «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожасов «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауының жеңімпазы атанды. Облыстық ішкі саясат басқармасы ұйымдастырған байқауда оның мемлекеттік тіл тақырыбындағы мақаласы үздік деп танылды.

Дәулет ҚЫРДАН.

Байқау «Үздік мақала», «Үздік телебағдарлама», «Үздік сайт мақаласы» атты үш номинация бойынша қорытындыланды. Қазылар алқасы конкурстың материалдарының мемлекеттік тілдің қызмет ету аясын кеңейту, мәртебесін нығайту және қазіргі хал-ахуалы төңірегінде қозғаған тың тақырыптарына мән берді. Сайыста сондай-ақ, «Үздік телебағдарлама» номинациясын «Qyzylorda» телеарнасының тілшісі Толқын Қабылшаның «Мәртебелі тіл» хабары жеңіп алса, «Үздік сайт мақаласы» номинациясына «Kyzylorda.news.kz» ақпараттық агенттігінің қызметкерлері Динара Маханова мен Жәнібек Исаевтың қазақ және орыс тілдеріндегі мақалалары лайық деп танылды. Сонымен қатар, «Қоғам ТВ» телеарнасының редакторы Тілеген Бекарыстановтың, Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы» газеті бас редакторының орынбасары Сәрсенқұл Райымбаеваның және Арал аудандық «Арал әлемі» газетінен Ерғали Абдулланың туындылары ынталандыру сыйлығына ие болды. Жеңімпаздарға диплом мен қаржылай сыйлықтарды облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов табыстады.

Айта кетейік, жеңімпаздардың шығармалары республикалық кезеңге жолданды.

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ

Жанат Әуесбайдың кәсібі өзгелерден ерек. Зейнетінен бейнеті басым жеңіл өнеркәсіпті дамытуды қолға алған ол өз кәсібі арқылы ұлттық құндылықты насихаттауды мақсат етіпті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Жанат Әуесбай, «Балақай ҚЗО» ЖК иесі:

«Ұлттық бояу жөргектен басталса деймін»

Дүниеге келген сәбиге киім әзірлеуді қолға алған Жанат кәсіпкерлікке аяқ астынан келе салмағанын айтады. Себебі, жас ұрпақтың киетін киімі мен ішетін асын әзірлеуде асығыстық танытуға болмайды. Айналаға зер салып, өзгелердің жақсысын үйреніп, тәжірибе алмасқанды жөн көрген ол ең алдымен Түркиядан балалар киімін әкеп сата бастайды. Алайда түпкі мақсат бұл емес еді, «қашан өз киімімізді өзіміз тігіп киеміз?» деген оймен ізденуден шаршамады.

– Білімімді жетілдіру мақсатында Индияға бардым. Бұл елде бесіктегі баладан еңкейген қартына дейін өз киімдерін киеді. Бұл көрініс мені қатты ойландырды. Біз өзгенің қымбат киімін кигенге мақтануды әдетке айналдырдық. Ал, өзіміз ше? Ұлттық оюмен әдіптелген жөргек-жаялықтарды, сәбидің алғашқы киімі – иткөйлегіне дейін қазақы оюмен бедерленгенін елестетіп, біраз тер төктім. Ақ қағазға талай сызбалар түсті. Нәтижесінде Түркияның тігін фабрикаларымен әріптестік байланыс орнатып, мен ұсынған дизайнмен мата әзірленді. Сол матадан сәбилер киімін тігіп, жергілікті нарыққа шығара бастадым. Қызығушылық күн санап арта түсті. Бүгінде өзге өңірлерден де тапсырыс беретіндер қатары аз емес. Тіпті, тауарымызды бірнеше мемлекетке жолдадық, – дейді Жанат.

Ең бастысы, сәбиге арналған киімнің сапасы. Денеге жайлы, жұмсақ әрі жылы маталар сертификатын, дайын киімдерді өзімен бірге редакцияға арқалай келген кәсіпкер өнімі көзтартарлықтай екен.

– Ең әуелі матаның сапасына мән беремін. Содан кейін дизайн. Елдің болашағы – ұрпағымыздың тәрбиесіне дүниеге келген сәттен бастап мән беруіміз қажет. Жылы да жұмсақ жаялық пен иткөйлекте қазақы ою бейнеленсе, сәби көзін ашқаннан ұлттық оюды көріп өссе, қандай жақсы?! Сол үшін жаялыққа шетелдік мультфильмдердің кейіпкерлерін емес, төрт түліктің, киіз үйдің, қарлығаштың бейнесін салғанды жөн көрдім. Бұл көп аналарға ұнады, – дейді ол.

Айта кетелік, Жанат Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және «Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау қорының» ұйымдастыруымен биыл елімізде алғаш рет өтетін «ALTYN OIMAQ» киім дизайнерлерінің ұлттық байқауына қатысуда. Жеңіл өнеркәсіпті насихаттауды мақсат еткен бұл байқауда ол қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр еліндегі өзгелерден ерек өнімді барша жұртқа таныстырмақ.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Сүйген құда сүрінен сақтар

Бірде құдалыққа барғанбыз. Қызығын айтайын. Әдеттегідей алдымызға жеңіл тамақтан соң, ет әкелінді. Құйрық-бауыр тартылып, мәре-сәре болып жатқанда жоғары тұстан бір әже айқайға баса жөнелді.

– Қай бетімді шымшиын, ойбай-ойбай, – дей бергені сол еді, дастарқан басы жым-жырт болды.

– Ау, апа, не болды? – деді бәрі.

– Осы жасқа келіп, мынадай сұмдық көрсем, көзім шықсын. Үп-үлкен басымды сыйламадыңдар ма? Сыйлы қонаққа жауырын тартып, жын қақты ма сендерді? – деді сілкініп.

Осы тұста «жауырынды жауға береді» деген сөз ойыма орала кетті. Қазақ қашанда «өкпе бер, бауыр бер, сыбағамды тәуір бер» дейтін халық ғой. Тіпті, Майқы би де «қонаққа аспа жауырын, таңдап бергей тәуірін» деп айтып кетпеді ме?! Әлбетте, «қазаныңа не салсаң, шөмішіңе сол ілінеді». Қапыда қонақ келгенде, қазанға қайнатар ет таппай қысылып қалмау үшін қам жасау керек. Соғым сойылып, сүрлеу басталғанда салғыраттық танытпаған абзал. Қазіргідей қатырылған, тоңазытқыштағы тұздалмаған еттен гөрі, сүр еттің дәмін айтсаңызшы?! Сіз етті қалай сақтайсыз?

Күзгі соғым кезінде көбіне түйе, жылқы сойылады. Жаңа сойылған жылқы етін жіңішке етіп қақтап, 2-3 күн тұзын әбден сіңдіреді. Қазы еттерін қазанның ең астына тұздайды. Себебі, бетіндегі еттердің тұзды суы астына қарай жылжып, түбіндегі еттің тұздылығы артатындықтан, оны қазы айналдыруға жұмсайды. Қазіргі кезде тек қана қабырға еттерінің майлы тұстарын ғана ішекке салып, қазы жасап жатады. Дастарқанның сәнін келтіріп, жіңішке етіп турап қояды. Бұл бұрында да болған. Майлы жылқы етін тұздап, ішекке салған. Көктемде соғым таусылғанда, сорпа қылып қайнатқан. Оны «шұжық» деп атаған. Ол қазіргінің қазысымен бірдей. Ал, бұрынырақ ішекке қабырға сол күйі сүйегімен бірге салынатын. Жаз маусымында әжелеріміз тұз түйген тұста жас жуаны келіге бірге тартатын. Жуаның дәмі сіңген тұз арнайы қазы жасау үшін қолданылған-ды. Қалған тұздалған еттерді кешкі салқынмен арнайы бақан, керегелерге жайып, кептірген. Азанымен күн шықпай, оған қоса шыбын-шіркей әлі қыбырлай қоймаған кезде жинап алып, арнайы қазылған шұңқырға салып қойған. Жердің асты салқын болғандықтан, ет сол күйі сақталады. Кешке әдеттегідей салқынға тағы жайылады. Осылай ет сүрге айналады. Сүрленген ет пен қазының майы сыртына шығып кетпеу үшін ұнға да салған. Үйдегі кірпіш пешке де ет сақтауға болады. Ол қалай дейсіз ғой?! Әбден кепкен етті, күлі тазартылған пеш ішіне салып қоясыз. Мұржадан салқын ауа келіп, ет одан сайын сүрлене түседі. Ысталған ет секілді өте дәмді болады. «Сүйген құда сүрінен сақтар» деген осыдан қалған.

Айта кетелік, өкпе-бауыр, жүрек, бүйрек секілді бөліктер де жерде қалмайды. Барлығын майдалап турап, ет араластырып, тұзын күштірек қылып, қуырдақ қуырады. Дайын болған қуырдақты сиырдың таза қарынына салып, аузын тігіп тастаған. Майымен қоса құйылған қуырдақ күн суығында қатып қалады. Қыста қарынның шетінен кесіп алып, қуырдақты жей бересіз.

Қазымен қатар, қарта да жылқы етінің ең таңдаулы бөлігі. Бүгіндері қартаның иісіне мұрнын шүйіріп қарайтындар да бар. Жылқының тоқ ішегіндегі майын алмай тұздаған соң, ішекті ішіне қаратып айналдырады. Сыртқы қабаты жылпылдап, бақанға жайылмай жатса, қазанға тұзын көбірек қосып, су қайнату керек. Қайнап жатқан суға қартаны бір салып алса, шіреші кетіп, оңай жайылады. Мұндай әдіс қолданылған соң, қартада артық иіс болмайды.

Иә, расында «өзің жатық болсаң, ішкенің қатық болар, өзің қисық болсаң, ішкенің сұйық болар», – деп тегін айтылмаған-ды. Жаңа сойылған мал еттері кез келген дүкенде, базарда толып тұр. Ал, сақталған сүр еттерін кездестірмейсіз. Қазаны оттан түспеген халқымыз қонақ сыбағасын үлестіруде бей-жай қарамаған. «Құтты қонаққа – тәтті тамақ» демекші, сүр ет – сыйлы қонақтардың сыбағасы. Сүрленген, сақталған ет өте дәмді болатындықтан, «салулы ауыз сақтағаныңды жейді», – деген сөз қалған.

Айғаным ҚҰРМАШЕВА,
Қорқыт ата атындағы
ҚМУ-дың 3-курс студенті.

Әлеуметтік желіде әйгілі спортшы Конор Макгрегордың жүрісін салған Талант Әли бір күнде танымал болып шыға келді. Тіпті, Макгрегордың өзі қазақ баласының бейнежазбасын инстаграм парақшасына жүктеп, «О, жасаған! Мына бала миллиардтаған доллар тұрса керек» деген жазба қалдырды. Оны он миллионнан аса әлем жанкүйерлері тамашалады. Жуырда жас таеквондошының отбасымен әңгімелесіп, Талант жайлы егжей-тегжейлі білген едік.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Макгрегорды таңғалдырған Талант

Талант небәрі 5 жаста екен. Таеквондомен айналысқанына жылға енді жуықтайды. Бірақ, осы аралықта ол облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстарда бақ сынап, жүлделі қайтқан. Әлгі бейнежазба да соғыс ардагері Мұсахан Қалмахановты еске алу құрметіне өткен халықаралық турнирде түсіріліпті. Әкесі Бақытжан Әлидің айтуынша, оны желіге Таланттың бапкерлері жүктеген.

– Ұлыммен бірге теледидардан спорт бәсекелерін жиі қарайтынбыз. Конорды сол бағдарламалардан көріп, жанкүйеріне айналды. Уақыт өте спортқа қызығушылығы артып, жаттығу залына апаруымды сұрады. Қазіргі аяқалысы жаман емес. Қатысқан сайыстарында жүлдегер атанып жүр. Соның бірінде жарыс алдында қарсыласын тура Конор секілді шақырып, танымал спортшының қимылын айнытпай салған. Ол әрекетін бапкерлері түсіріп алған. Осылайша, жазба әлеуметтік желі арқылы таралып, Макгрегордың өзіне жетіпті. Өте қуанышты мыз, – дейді Бақытжан Әли.

Әңгіме барысында жас таеквондошыны Ербол Бейсенбай жаттықтыратынын білдік. Бапкері Талантқа үлкен сенім артып отыр. Бағындырар шыңы әлі алда деп біледі.

– Жаттығу залында менен бөлек, Нұрлыбек Сухан, Гүлмырза Мәжіков, Әкежан Ертаев есімді бапкерлер бар. Талант бәрімізді таңқалдырғаны рас. Оның бойында ерекше спорттық рух бар. Әрдайым жеңіске жетуді ойлайды. Келешекте еліміздің атын әлемге танытады деген үміттеміз, – дейді ол.

Иә, атына заты сай балақайдың алға қойған мақсаты ауқымды. Өзіне сенімді. Ол әкесінің «Конор шақырса, барасың ба?» деген сауалына «Егер олай болып жатса, мен бармаймын. Бірақ, Конорды өзім Қазақстанға шақырамын» деген жауабынан байқалады. Қазір Талант қаладағы «Нұр-шұғыла» бақшасына барады, биыл мектеп табалдырығын аттамақ. Біз де талабы таудай жеткіншектің жетістіктері одан әрі жалғасын тауып, алар асуы биік болатынына сенеміз.

Банкроттың мүлкін электрондық аукцион арқылы сатуға қатысты

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 99-бабына сәйкес әкімші банкроттық мүлікті сату жоспары немесе тікелей сату әдісіне сәйкес электрондық аукцион арқылы сататынын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №178 бұйрығымен бекітілген борышкердің мүлкін (активтерін) сату жөніндегі электрондық аукцион ұйымдастырушысын жүргізу және анықтау Ережесінің 2-тармағының 10) тармақшасымен борышкерлердің мүлкін сату бойынша электрондық дереккорға кірудің бірыңғай орны www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында көрсетілген.

Байланыс тел.: 30-45-90.

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Борыштармен жұмыс басқармасы.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 29259 Тапсырыс №958 | Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА.**